

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Университет вице-ректоры

Идрисова Э.К.

Оқу-әдістемелік комитет шешімі негізінде /
№ _____ хаттама « _____ » 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы)


<i>Бағдарлама деңгейі</i>	<i>Бакалавриат</i>
<i>Білім беру саласының коды мен атауы</i>	<i>6B01 Педагогикалық ғылымдар</i>
<i>Даярлау бағытының коды мен атауы</i>	<i>6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау</i>
<i>ББ тобы және атауы</i>	<i>B012 Химия мұғалімдерін даярлау</i>
<i>ББ коды мен атауы</i>	<i>6B01562 Химия-Биология</i>
<i>ББ түрі</i>	<i>Инновациялық ББ</i>
<i>БББ айрықша ерекшеліктері</i>	<i>Дуальды оқыту</i>

2024 жылғы қабылдау


Жаратылыстану пәндері мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет құрамы:/ Состав академического комитета по направлению подготовки учителей естественных наук:/

The composition of the academic committee on the direction of training teachers of natural sciences:

АК төрағасы:/ Председатель ИК: /Chairman of the AK:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/ signature
1.	Батырбекова Акнұр Жарқынбекқызы	Физика кафедрасы, аға оқытушысы	


АК мүшелері, академиялық персонал: / Члены академического комитета, академический персонал: /Members of the Academic Committee, academic staff:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/ signature
1.	Сарбаева Мақпал Тұрсынбайқызы	Экология және химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы	
2.	Умиров Бауыржан Зайтулы	Биология кафедрасы, магистр оқытушы	



АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі:/Член академического комитета, представитель работодателя:/Member of the Academic Committee, employer representative:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/Подпись/Signature Күні/ Дата/ Date Мөр/ Печать/ Stamp
1.	Ускенова Раушан Арынғазыевна	Түркістан кәсіби-педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы	
2.	Байтенов Абай Құдайбергенович	Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	

АК мүшесі, білімгерлер өкілі:/Член академического комитета, представитель обучающихся:/Member of the Academic Committee, representative of students:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/s signature
1.	Шерімбекова Айымгүл Полатқызы	6B01562-Химия-Биология білім беру бағдарламасының II -курс студенті	

Сыртқы сарапшы/Внешний эксперт/External expert:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/Подпись/Signature Күні/ Дата/ Date Мөр/ Печать/ Stamp
1	Ж.Ж.Азретбергенова	№23 IT Мектеп-лицей директоры	
2	Д.А.Дийметова	Түркістан Хамза атындағы №2 жалпы орта мектебінің директоры	
3	Д.С.Құдайбергенов	А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектебінің директоры	
4	Г.Ш.Өсербаева	Түркістан қаласы, «Өзбекәлі Жәнібеков» атындағы № 27 IT-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры	
5	Р.С.Ибадуллаева	Түркістан қаласы, «С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры	

«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» даярлау бағыты бойынша
академиялық комитетте талқыланды/

Обсуждено в Академическом комитете по направлению подготовки «Подготовка учителей по
естественнонаучным предметам»/

Discussed in the Academic committee on the direction of personnel training «Teacher training in natural
science subjects»

Хаттама/Протокол/Protocol number № 7 « 15 » 03 2024 ж./г./у

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	5
2. Бағдарламаның негіздемесі	7
3. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері	8
4.1. Педагогикалық компоненттің құрылымы	10
4.2 Пәндік компоненттің құрылымы	23
4.3 Міндетті компонент құрылымы	58
4.5 Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтауға қойылатын талаптар	80
5. Студенттің жұмыс сипаттамасы	80
6. Баға/бағалау әдістері	80
6.1 Бағалау	80
6.2 Сыртқы бағалау	81
7. Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар	83
7.1 Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар	83
7.2 Қосымша талап етілетін оқытушы-профессорлық құрам	83
7.3 Оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру қажеттілігі	83
7.4 Қосымша әкімшілік қызметкер қажеттілігі	83
8.1. Кітапхана ресурсы	83
8.2. IT-ресурстар	84
8.3 Инфрақұрылым	84
9. Қосымша ақпарат	84
9.1 Қосымша материалдар	84
9.2 Электрондық оқыту	85
10. Бекіту	85
1-ҚОСЫМША: Білім беру бағдарламасының негізгі қағидаттары	86
Әдебиеттер тізімі:	93

1. Жалпы ақпарат

1.1. Білім беру бағдарламасының атауы	ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ	
1.2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша топ:	Жетекші университет	Қатысушы университеттер
	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университет	Павлодар педагогикалық университеті
		Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
1.3. Білім беру бағдарламасының типі (Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес)	6 деңгей. Бакалавриат	
1.4. Жалпы академиялық кредиттер саны	254	
1.5. Оқу түрі	Күндізгі оқу	
1.6. Бағдарламаның болжалды ұзақтығы	4 жыл	
1.7. Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы	Бұл «Химия-Биология» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл білім беру бағдарламасы ұлттық болғандықтан, ондағы сипаттамалық мәтіндерде нақты ақпарат жоқ, бірақ жалпы педагогикалық қағидаттар мен тақырыптар қамтылған (сонымен қатар 1-қосымшаны қараңыз.). Толығырақ сипаттамалар, мысалы, әдіснамалар мен бағалау институционалдық және өңірлік жағдайларды ескере отырып, жоғары оқу орындарының іске асыру жоспарларында айқындалатын болады.	
Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	«Химия-Биология» білім беру бағдарламасы (БББ) оқу орындарында (мектептер, колледждер, гимназиялар) химияны оқытуға маманданғысы келетін оқытушыларға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық	

кредит міндетті компоненттен және 124 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

Пәндік компонент 5 модульден тұрады: "Химия-биологияға кіріспе", "Жаратылыстану ғылымдары", "Химия-биологиядағы зерттеулер", "Биохимия негіздері", "Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі".

БББ ғылыми-зертханалық және оқу сипатындағы зерттеулерді жүргізуге, біріктірілген үдерістердің өнімі ретінде аралас ғылымдар білімдерін синтездеуге, тұрақты даму жағдайында меншік адамгершілік және азаматтық ұстанымын көрсетуге, академиялық және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін тілдік құзыреттіліктерді қолдануға қабілетті химия мұғалімін даярлауға бағдарланған. Түлек химия бойынша тұжырымдамалық-теориялық білім, тәжірибелік-зерттеу қызметі құзыреттіліктерін, қолданбалы және аралас ғылымдар білімдерін меңгеретін болады.

БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.

БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.

1.8 Білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру:

Педагогтың құзыреттілігі педагогика саласындағы және оның пәндік саласындағы құзіреттілігін әр түрлі қызмет жағдайында оқытудың теориялық және практикалық құзыреттілігімен біріктіреді. Мұғалім өз пәніне қажетті білім мен дағдыға ие, сондықтан бір пәнді оқитын жастар мен ересектерге білім беріп, бағыт-бағдар бере алады.

Мұғалімнің құзыреттілігі жоспарлауға, бағыттауға, оқытуға және бағалауға бағытталған. Сондықтан мұғалімнің оқыту және құзыреттіліктерін дамыту бойынша жеткілікті теориялық білімі болуы керек. Сонымен қатар, бүгінгі еңбек ету саласында ынтымақтастық пен байланыс құруға, дағдыларды дамытуға, өзінің және айналасындағылардың әл-ауқатын қолдау мен сақтауға баса назар аударылады.

Мұғалімнің құзыреттілігіне еңбек нарығындағы, білім беру құрылымындағы, жалпы қоғамдағы өзгерістер әсер етеді; осы элементтердің барлығы мұғалім жұмысының

қарқынды сипатын көрсетеді. Жұмыс жағдайында болатын түрлі құбылмалы өзгерістер мұғалімнің өз қызметін бағалай алу мен реттей алу қабілетіне көңіл аудартады. Өзін-өзі бағалау дағдысы кәсіби тұлғаны дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалімдер үнемі құндылықтарға негізделген шешімдер қабылдайды, бұл кәсіби этика мәселелерін қарастыру қажетті кәсіби дағдылардың бірі екенін білдіреді. Өзгерістер сарапшылық білімді дамытуды, үйрену қабілетін, сондай-ақ реформалау және қоғамдағы жұмыс істеу әдістерін жаңартып отыруды талап етеді.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады:

1) педагогикалық компонент, 2) пәндік компонент, 3) міндетті компонент. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады.

Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді:

- Құзыреттілік әдісі;
 - Конструктивті (сындарлы) келісім;
 - Студенттерге бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер;
 - Зерттеуге негізделген оқыту;
 - Пәнаралық оқыту;
 - Инклюзия;
 - Педагогтардың кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару;
- (толығырақ ақпаратты Қосымшадан қараңыз)

1.9 Берілетін дәреже

«6B01562 – Химия-Биология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

2. Бағдарламаның негіздемесі

Дүниежүзілік банк қолдап отырған білім беруді жаңғырту жобасының аясында жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдердың тұтас дамуын қамтамасыз ететін құзыреттілікке бағдарланған білім беру қағидаттарына сәйкес педагогикалық білім берудің отыз (30) білім беру бағдарламасын халықаралық әріптестікте қайта қарады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерге бағдарланған тәсіл болашақ мұғалімдер өздерінің сыныптағы жұмысына көшіре алатын, практикалық мысалдар, эксперименттер және тәжірибе ұсыну арқылы оларды мұғалім кәсібіне жақсырақ дайындайды.

Жаңартылған бастауыш және орта білім беру талаптарына сай болу үшін педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері қайта бағаланып, толықтырылуы тиіс. Орта білім берудегі жаңа тәсілдер педагогикалық білім беруде, түлектердің бейінінде көрініс табуы керек. Сондай-ақ, (30) жаңартылған немесе жаңа білім беру бағдарламалары болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібінде маңызды жалпы құзыреттіліктерін тиімдірек жетілдіру мақсатында әзірленді. Инклюзивтілік және пәнаралық сынды қазақстандық білім беру жүйесі дамытуға тырысатын, бірқатар педагогикалық қағидалар назарға алынды. Сонымен қатар, бұл білім беру бағдарламаларында қауымдастық пен бүкіл білім беру секторын дамыту үшін жеке тәжірибесі мен мектептерінің іс жүзіндегі қызметін үнемі

талдап, бағалай алатын практик-педагог болатындай болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

3. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық құзыреттіліктен, пәндік құзыреттіліктен және жалпы құзыреттіліктен тұрады деп анықталған. Демек, құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) Педагогикалық компонент; 2) Пәндік компонент, 3) Міндетті компонент. Құзыреттіліктер саласы мен оқу нәтижелері әрбір компонент үшін жеке-жеке анықталды.

3.1. Педагогикалық және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттіліктер

1. Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.
2. Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

• Өзара іс-әрекетке қатысты құзыреттіліктер аясы

3. Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;
4. Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.
5. Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.

• Педагогтардың жұмыс ортасына қатысты құзыреттіліктер аясы

6. Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.
7. Болашақ мұғалімдер (а) ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; (ә) өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі) арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.

• Кәсіби дамуға қатысты құзыреттіліктер аясы:

8. Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.
9. Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының

қызметін дамыту қабілетіне ие.

10. Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.

3.2 Пәндік және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• Құзыреттіліктер саласы - Концептуалдық-теориялық білім құзыреттіліктері

1. Болашақ мұғалімдер жаратылыстану-ғылым тұрғыдан заттардың өзгеруінің заңдары мен заңдылықтарын негіздеу үшін тұжырымдамалық білімді түсіндіре және қолдана алады.

2. Болашақ мұғалімдер заттың құрылысы мен химиялық үдерістерді сипаттау және түсіндіру үшін әртүрлі үлгілерді қолдана, заттың құрылымы мен оның қасиеттері арасындағы байланысты орната алады.

3. Болашақ мұғалімдер ғылыми білімді жалпылап, жүйелей алады және әртүрлі ақпарат көздерін алу мен сыни тұрғыдан бағалауға үйрете алады.

4. Болашақ мұғалімдер ғылымның қоршаған ортаға әсерін талдап, талқылай алады

• Құзыреттіліктер саласы – тәжірибелік-зерттеу қызметінің құзыреттіліктері

5. Болашақ мұғалімдер ғылыми-зертханалық және оқытушылық сипаттағы әртүрлі тәжірибелік-бағдарлы тапсырмаларды орындау үшін эксперименттік есептеу үлгісін қолдана білу қабілетін көрсетеді.;

6. Болашақ мұғалімдерде зерттеу жүргізудің бастапқы нүктесі ретінде сұрақ қоя алатын білім мен дағдылар бар;

7. Болашақ мұғалімдер тапсырма бере алады және бірлесіп эксперименттік зерттеулер жүргізе алады, мақсаттарға қауіпсіз және жүйелі түрде қол жеткізе алады, нәтижелерді де, бүкіл зерттеу үдерісін де өңдейді, түсіндіре, ұсына және бағалай алады;

8. Болашақ мұғалімдер химияны және биологияны оқыту кезінде оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін және әртүрлі іс-әрекеттерін жоспарлай алады;

9. Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас стратегиялары мен ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларына.

• Құзыреттіліктер саласы - Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі

10. Болашақ мұғалімдер экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі ақпаратты түсінуге, баяндауға және сыни тұрғыдан талдауға қабілетті.

11. Болашақ ұстаздар тұрақты даму жағдайында меншік адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамыта алады.

12. Болашақ мұғалімдер оқушыларды және идеяларды құруда, жобалауда, әзірлеуде және алынған нәтижелерді қолданудың әртүрлі салаларындағы мамандармен бірлесіп, химияны және биологияны технологияда қолдануды түсінуге одан әрі оқыту үшін интеграциялық үдерістердің заманауи өнімі ретінде сабақтас ғылымдар бойынша білімдерін синтездей алады.

13. Болашақ мұғалімдер ақпарат пен зерттеу нәтижелерін алу, өңдеу және ұсыну үшін тілдік құзыреттіліктерді және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана алады, әртүрлі құбылыстарды үлгілеу, көрсету арқылы оқушыларды оқу үдерісіне тарта алады.

14. Болашақ мұғалімдер өз ұстанымдарын дәлелдей алады және оқушыларға тұрақты болашақты құру үшін химия білімін қолданудың маңыздылығын түсінуге және табиғи ресурстарды және өнімнің өмірлік циклдерін тұрақты пайдалану тұрғысынан өз таңдауларын бағалауға үйретеді.

3.3 Міндетті компонент: құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• Дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік дамуға қатысты құзыреттілік бағыты

1. Болашақ мұғалімдер табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми әрі философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтитын философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалай алады.
2. Болашақ мұғалімдер мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.
3. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсініп, ғылыми талдау жасай алады.
4. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын талдай алады.

• Әлеуметтік, мәдени және азаматтық дамуға қатысты құзыреттіліктер бағыты

5. Болашақ мұғалімдер өзінің моральдық және азаматтық ұстанымдарын дамыта алуы және қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете алады.
6. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білімдерінің негіздерін біледі және түсінеді, өзінің жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.
7. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және өндірістік саладағы жағдайларға баға беріп, болып жатқанның барлығына өзінің берген бағасын дәлелдей алады.

• Тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынасқа қатысты құзыреттіліктер бағыты

8. Болашақ мұғалімдер тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі саласында жағдайды бағалай алады; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша/жазбаша қарым-қатынас жасай алады.
9. Болашақ мұғалімнің өзінің жеке қызметінде ақпараттық-байланыстық технологияның түрлерін – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау, тарату үшін интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану мүмкіндігіне ие.
10. Болашақ мұғалімдер дене тәрбиесі әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстана алады.
11. Болашақ мұғалімдер әдіснама мен талдауды таңдай, ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана, сондай-ақ жаңа білімді түзе алады.

4. Бағдарлама құрылымы және оқу нәтижелері

4.1. Педагогикалық компоненттің құрылымы

Педагогикалық компоненттің көлемі педагогикалық практиканы қоса алғанда, 60 академиялық кредитті құрайды. Бұл компонент ПБ барлық оқу бағдарламалары үшін

ортақ болып табылады. Педагогикалық компонентті жобалау үдерісіне барлық университеттер бірлесе қатысты. Компонент икемді болып табылады және жекелеген университеттер оны нақты жағдай мен қажеттіліктеріне сәйкес іске асыруға мүмкіндік берілген.

Педагогикалық компоненттің жалпы құрылымы:

Модуль атауы және негізгі пәндер	Академиялық кредит
БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚОЛДАУ	17
Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	4
Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	3
Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3
Инклюзивті білім беру ортасы	3
Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру	4
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУ ҮШІН БАҒАЛАУ	9
Оқыту әдістері мен технологиялары	5
Бағалау және дамыту	4
МҰҒАЛІМ - РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПРАКТИКА ИЕСІ	9
Педагогикалық зерттеулер	4
Зерттеулер, даму және инновация	5
МҰҒАЛІМ – ОҚУ ФАСИЛИТАТОРЫ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА)	25
Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)	2
Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс)	2
Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс)	6
Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)	15
Жалпы академиялық кредит саны	60

Модульдер, курстар мен олардың оқу нәтижелері және құзыреттіліктер салаларымен байланысы жайлы толығырақ:

Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит

Бұл модульде білім алушылардың дара қажеттіліктерін және оқытудағы дара айырмашылықтарды түсінуге көмектесетін психологиялық теориялар, тұжырымдар мен үлгілердің шолуы келтірілген. Модуль педагогикалық мамандық болашақ мұғалімдерінің бойында оқытуды дараландыру және оқыту барысында білім алушылардың алуандығын ескеруге мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастырады. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау

арқылы модуль білім алушылардың амандығын арттыру маңыздылығына басты назар аударады.

Курс атауы	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4) Болашақ мұғалімдер заманауи психологиялық теориялар мен үлгілер, сондай-ақ тұлғаның қызметі және оның жеке қасиеттері туралы білімге ие. Олар бұл білімді әртүрлі білім беру мәнмәтінінде мұғалімдік қызметінде қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үрдісінде диалогты, өзара әрекеттесуді және қарым-қатынасты дамыта отырып, білім алушылардың қолайлы дамуына ықпал етеді. Олар білім алушылардың отбасыларымен, сондай-ақ серіктестіктің басқа да түрлері шеңберінде қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге және ынтымақтасуға және өздерінің педагогикалық қызметін дамытуға қолайлы жаңа өзара байланыстар жасауға қабілетті.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • педагогикалық психологияның негізгі ұғымдары мен терминдерін меңгеріп, психологиялық-педагогикалық білімді практика жүзінде қолданудың негізгі салаларын біледі • оқу және тәрбие үдерісіндегі адамның танымдық және жеке даму заңдылықтарын, фактілер мен құбылыстарды талдайды • әр түрлі деңгейдегі білім беру ортасын жобалау, сараптау және түзету мәселелерін шешуде кешенді тәсілді қолданады • үздіксіз оқыту тұжырымдамасын адамның когнитивті және жеке даму үрдісінің бөлігі ретінде түсінеді • жеке, қоғамдық және желілік деңгейлердегі қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің негізгі тұжырымдамалары мен теорияларын қолданады • оқуға көмектесу үшін ең қолайлы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу әдістерін таңдай алады (офлайн, онлайн, аралас,

	гибридті) қолайлы орта қалыптастыруға және дамуына ықпал ететін әрекет жасай алады.
Курс атауы	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2); Болашақ мұғалімдер оқытудың әртүрлі теориялары мен педагогикалық үлгілеріне жетелейтін тұлғаның тұжырымдамалық бейнелері сияқты педагогика ғылымының негіздерін меңгереді. Теориялық тұжырымдамаларды түсіну негізінде болашақ мұғалімдер әртүрлі оқу жағдайларына сәйкес педагогикалық таңдау жасай алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; - оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; - жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.
Курс атауы	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2) Болашақ мұғалімдер психиканың қалыптасуымен, оның қызметімен және даму заңдылықтарымен танысады. Болашақ

	мұғалімдер білім алушылардың дауымын бақылай алады және соған сай жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу үрдістерін жоспарлап, жүзеге асыра алады және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере алады. Болашақ мұғалімдер әр түрлі жағдайларда шығармашылық тұрғыда және жағдаятқа сай әрекет ете алады және жалпы білім беру мен білім алушылардың игілігін сақтай алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • әр білім алушылардың бастапқы кезеңдерін, олардың оқу әлеуеті мен нақты қолдау қажеттіліктерін тани алады • өз білім алушыларына нақты қолдау, жетекшілік ету, оқыту және бағалауға қатысты жеке қажеттіліктерін қарастыра алады • инклюзия мен нақты қолдау көрсету үшін әртүрлі әдіснамалық шешімдермен танысады
Курс атауы	Инклюзивті білім беру ортасы
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2); • Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6,7) Болашақ мұғалімдер оқыту үдерісінде білім алушылардың әртүрлілігін түсінеді, сондай-ақ олардың өмірі мен оқу жағдаяттарын ескеру мүмкіндігіне ие. болашақ мұғалімдер тиісті АКТ, үйретуші және көмекші технологияларды қолдана отырып, білім алушыларды оқытуды және оларды білім беру үдерісіне қосуда қолдайды. Болашақ мұғалімдер қауымдастықпен (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастықта, психологиялық және этикалық тұрғыдан олардың әл-ауқатын қолдайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • әр түрлі оқушылар тобына қатысу мен оқуға әсер ететін жеке білім беру қажеттіліктерін анықтайды; • білім алушылардың оқуын қолдау және оларды білім беру үдерісіне қосу үшін АКТ және көмекші технологияларды пайдаланады. • ынтымақтастық пен инклюзияға ықпал ететін құндылықтар мен тәсілдерді үйретеді; • қоғамдастықтың ынтымақтастығын қолдайды (мұғалімдер,

	білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар).
Курс атауы	Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Болашақ мұғалімді тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) Болашақ мұғалімдер өздерінің оқыту саласындағы білім беру бағдарламаларымен, сондай-ақ кәсіпкерлік пен тұрақты даму сияқты білім берудің белгілі бір деңгейін дамытудың педагогикалық қағидаларымен және қиылысатын тақырыптарымен таныс. Болашақ мұғалімдерде педагогикалық және өз бетінше ізденістерге негізделген оқыту технологияларын қолдану және оқыту үдерісіне оқушылардың жан-жақтылығын және инклюзия қағидаларын ескере отырып, оқытуды дараландыру дағдылары бар.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары мен талаптарын өзінің оқыту саласында түсінеді және оларды оқу іс-әрекетін жоспарлау және өткізу кезінде қолданады; • білім алушылардың оқуына әсер ететін факторлар мен жағдайларды анықтайды • білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып және олардың тұлғалық және өзін-өзі құрметтеуді дамытуды қолдау, оның ішінде кәсіптік бағдар беруді ескере отырып, инклюзивтік, оқытуды және көшбасшылықты даралау (оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған сабақтарды әзірлеу) қағидаттарын тәжірибеге енгізеді.
Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит	
Бұл модуль педагогикалық жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерінің бойында интерактивті және студенттерге бағдарланған оқытуды жүргізу мен оқыту мақсаттарына сәйкес бағалау құзыреттіліктерін қалыптастырады. Модуль сандық құралдар мен технологияларды қолдануға, қоғам мен білім беру ортасындағы тұрақты өзгерістер жағдайында педагогикалық технологияларды	

жанарту және қолдануға басты назар аударады. Бұл модуль педагогикалық мамандық болашақ мұғалімдерінде меншік педагогикалық қызметін жақсарту үшін әртүрлі әріптестік бірлестіктерде қарым-қатынас құру және серіктестік құзыреттіліктерінің дамуына ықпал етеді.

Курс атауы	Оқытудың әдісі мен технологиялары
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) Болашақ мұғалімдер оқытудың стратегиялары мен әдістемелерін жан-жақты түсінеді және оларды нақты педагогикалық жағдайларға, мектептің нақты шарттарына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін инновациялық әдістермен жоспарлауда, оқытуда және бағалауда қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде қолайлы инклюзивті, физикалық және онлайн оқыту ортасын құра алады. Болашақ мұғалімдер оқу материалдарын жоспарлау кезінде авторлық құқық пен деректерді қорғау ережелерін түсінеді және қолдана алады. Болашақ мұғалімдердің дидактика, оқыту технологиялары мен оқушыларды ынталандыру әдістері бойынша қажетті білімдері бар, оқушыларға қажетті педагогикалық көмек көрсете алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • оқытуға сәйкес келетін педагогикалық үлгілерді таңдай алады • технология беретін мүмкіндіктерді ескере отырып, оқыту әдістерін шығармашылықпен және әр түрлі етіп қолдана алады • оқытуда тиісті инклюзивті ортасын қолдана алады • білім алушыларды ынталандыру және олардың оқудағы жетістіктерін қолдау үшін жетекшілік әдістерін қолданады.

Курс атауы	Бағалау және дамыту
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	4

Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2) Болашақ мұғалімдер оқу үдерісінде бағалаудың мәнін терең түсінеді және оқу үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде этикалық түрде конструктивті бағалауды қамтамасыз ете алады және білім алушыларды бағалауға тарта алады. Болашақ мұғалімдер бағалаудың әртүрлі технологияларын, принциптерін, кезеңдерін, өз білім саласын бағалау құралдарын (қалыптастырушы және жиынтық бағалауды, өзін-өзі бағалауды, өзара бағалауды және т.б. қоса алғанда) анықтайды, саралайды және пайдаланады. Олар бағалауға қатысты өздерінің түсініктері мен тәжірибелерін сыни тұрғыдан бағалауға, талдауға және оларды әрі қарай дамытуға қабілетті.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - бағалау мен кері байланыстың әртүрлі әдістерін (мысалы, қалыптастырушы және қорытынды бағалау) жақсы біледі - білім алушылардың білім беру құзыреттілігінің деңгейлерін анықтау мен тануда педагогикалық принциптерді қолданады - білім алушылардың және әріптестерінің өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамыту жүйесін мойындайды және қолдана алады.

Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит

Бұл модуль педагогиканың әдіснамалық негіздерін зерттеуге бағытталған және педагогикалық зерттеулер оқыту практикасында қалай әсер ететіні жайлы түсінікті қалыптастырады. Модуль ЖОО студенттерінің бойында өзін мұғалім ретінде сезіну және өзінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін рефлексия дағдыларын, сондай-ақ үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету үшін педагогикалық дамудың жаңа мақсаттарын қою қабілетін дамытуға ықпал етеді. Модульде сондай-ақ мұғалім жұмысының этикалық тұстары және олардың дамуы да қаралады.

Курс атауы	Педагогикалық зерттеулер
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған:

	Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (10) Бұл курс болашақ мұғалімдерге педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін береді. Болашақ мұғалімдер түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, сондай-ақ осы дағдыларды үздіксіз дамытып, өздерін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ықпал етуге дайын болуы тиіс.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - педагогиканың табиғатын және оның негізгі терминологиясын біледі - педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтайды және күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді - білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырады және олардың сіздің мұғалім ретіндегі жұмысыңызға қалай әсер ететінін қарастырады.

Курс атауы	Зерттеулер, даму және инновациялар
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9) - Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (5) Қазіргі заман деңгейінде болу, өзін және жұмысын үнемі дамыту мүмкіндігіне ие болу үшін болашақ мұғалімдер зерттеуге негізделген жаңа білім алады және білім беру мен мұғалім кәсібінің дамуына, әртүрлі желілерде оқытудың инновациялық тәсілдеріне, сонымен қатар білім алушыларды оқыту мен басқаруға қатысты зерттеулер жүргізеді. Болашақ мұғалімдер дамуға бағытталған ойлау тәсілін меңгереді, қоғамда және білім беру ортасында болып жатқан өзгерістер контекстінде оқытудың инновациялық тәсілдері мен технологияларын әзірлеуге, жаңартуға және қолдануға қабілетті. Болашақ мұғалімдер мұғалім ретіндегі жұмысының ғылыми дәлелді дамуы туралы білу үшін шағын зерттеу жобасын әзірлейді. Олар өздерінің зерттеу тақырыбын/сұрақтарын анықтайды, әдебиеттерге шолу жасайды және зерттеу этикасын

	қоса алғанда, деректерді жинау және талдау әдіснамасын әзірлейді. Курсты аяқтағаннан кейін болашақ мұғалімдер этикалық жүргізілген зерттеулер және әзірлемелердің негізінде педагогикалық іс-әрекетін дамытып, жаңарта алады, сонымен қатар зерттеу жобаларын жүзеге асыра алады немесе оларға қатыса алады. Сондай-ақ олар өздерінің зерттеулері мен әзірлемелерінің нәтижелерін әртүрлі кәсіби тәсілдермен және арналармен ұсына алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • жақсартуға болатын бағыттарды табу үшін өзінің кәсіби жұмысы мен жұмыс ортасын бағалайды; • өзінің кәсіби іс-әрекетінде зерттеуге негізделген тәсілді қолданады және өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізеді; • зерттеу үдерістерінің этикалық тұстарын ескереді және қолданады; • бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін деректерді жинау және пайдалану кезінде сыни тұрғыдан ойлауды қолданады; • ғылыми зерттеулерге қатысады және/немесе университеттер мен мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамытады; • әр түрлі коммуникация формаларын пайдалана отырып, өзінің ғылыми-зерттеу қызметін құжаттайды және нәтижелерді ұсынады.

Мұғалім – оқу фасилитаторы (Педагогикалық практика), барлығы 25 академиялық кредит

Бұл модуль екі оқу жылы ішінде педагогикалық практикадан өту арқылы теориялық білімді практикалық дағдыларға айналдыруға, сондай-ақ бүгін және болашақта мұғалім мамандығына қойылатын талаптарға жауап беретін мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған. Модуль барысында болашақ мұғалімдер кәсіби өсудің үздіксіз үдерісіне ықпал ететін тәжірибеге бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Педагогикалық практика төрт кезеңнен тұрады, әр оқу жылына бір реттен, олардың әрқайсысының өзіндік нақты оқу нәтижелері бар, онда болашақ мұғалімдердің құзыреттері танысу мен бақылаудан бастап білім беру үдерісін жобалауға және өз сабақтарын өткізуге, сондай-ақ тәжірибеге бағытталған зерттеу қызметі арқылы өз жұмыс ортасын дамытуға дейін біртіндеп тереңдей түседі.

Барлық кезеңдерінде белгілі бір пререквизиттері бар және болашақ мұғалімдер педагогикалық практикаға кіріспес бұрын белгілі бір пәндік және/немесе педагогикалық пәндерден өтуі керек, академиялық кредиттер саны факультеттер мен/немесе білім беру бағдарламалары арасында өзгеруі мүмкін.

Курс атауы	Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер

Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	2
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5) • Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7) • Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10) Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді білім беру үдерісімен және білім беру ұйымдарындағы жағдаймен таныстыру, оларды болашақ кәсіби қызмет жағдайына бейімдеу болып табылады. Бұл курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің <i>"Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары"</i> және <i>"Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері"</i> курстарын аяқтау болып табылады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің нормативтік-заңнамалық базасын, білім беру ұйымдарының қызметін реттеуші құжаттарды түсінеді және сипаттайды • мектеп құжаттамасын жүргізуге арналған негізгі құжаттарды (оқу орнының жұмыс жоспарлары, «Күнделік» электрондық күнделігі, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді сабақ жоспарлауы және т.б.) ажыратады және түсіндіреді • білім алушылардың әлеуметтік, жас, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үдерісінде педагогика мен психологияның теориялық және қолданбалы аспектілерін түсіну.
Курс атауы	Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	2
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5)

	• Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7) • Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10) Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді білім беру мекемесінің тұтас педагогикалық үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру және білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласында талдау-рефлексивтік, зерттеу, жобалық және басқа дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің «Педагогикалық зерттеулер» курсы аяқтау болып табылады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • оқыту стратегияларының психологиялық және педагогикалық негіздерін түсіну (сыни тұрғысынан ойлау, функционалдық сауаттылық, бірлесіп оқу, өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, критериалды-бағдарланған оқыту) • білім алушылар тобын бағалау үшін психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолданады және білім беру ұйымының психологиялық қолдау қызметтері қалай жұмыс істейтінін түсінеді • мұғалімнің жұмысын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан түсіну және болашақ мұғалім ретінде өзінің кәсіби ерекшелігін түсіну; • оқу үдерісінде білім алушылардың оң және жауапты мінез-құлқын нығайту үшін тиімді диалог құру; • білім беру үдерісінің барлық мүдделі тараптарымен ынтымақтасу; • тұтас педагогикалық үдерісті оның әртүрлі формаларында (сабақ, семинар, дөңгелек үстел, пікірталас және т.б.) талдау және дамыту, пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі формаларын жүргізу.
Курс атауы	Педагогикалық технология (педагогикалық практика, 3-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5) • Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7) • Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10) Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді жан-жақты дамыту,

	практикада кәсіби біліктілікті жетілдіру және мұғалім (мектепке дейінгі мұғалім, бастауыш сынып мұғалімі, пән мұғалімі, сынып жетекшісінің көмекшісі/кураторы) ретінде жұмыс істеу үшін қажетті пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Аталған курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің <i>"Оқыту әдістері мен технологиялары", "Бағалау және дамыту"</i> және <i>"Инклюзивті білім беру ортасы"</i> курстарын аяқтау болып табылады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • сындарлы және инклюзивті білім беру үдерісін өз бетінше жобалау және ұйымдастыру; • білім беру технологиялары мен цифрлық ортаны пайдалануды ескере отырып, орынды және қолайлы оқу материалдарын, инновациялық педагогикалық тәсілдерді және белсенді оқытуды таңдау; • пәндік білім мен дидактиканы қолдану; • формативті және жиынтық бағалау әдістері мен технологияларын қолдану, білім алушылардың рефлексия, өзін - өзі және өзара бағалау дағдыларын дамытуды қолдау; • мәселелер мен жанжалды жағдайларды шешу және қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз ету үшін білім беру процесінің барлық мүдделі тараптарымен диалогтық байланыс орнату.

Курс атауы	Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	15
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5) • Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7) • Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10) Бұл курс болашақ мұғалімдердің өздерінің кәсіби қызметі мен жұмыс ортасын дамытуға көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, курс ынтымақтастық, мәселелерді шешу және көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Олар өздерінің педагогикалық және зерттеу дағдыларын тереңдетеді, сондай-ақ өз мамандануына сәйкес практикалық дағдыларды дамытады (дидактика). Осы тәжірибеден өту кезінде болашақ мұғалімдер деректерді

	жинайды және талдайды, гипотезаны тексереді немесе "Зерттеулер, даму және инновация" курсына құрылған зерттеу жоспарының бөлігі ретінде эксперименттер жүргізеді. Олар қорытынды жасап, зерттеу нәтижелерін кәсіби түрде таратудың әртүрлі формалары мен арналарын зерттейді. Курстың пререквизиті педагогикалық компоненттің "Оқытуды жоспарлау және оқу үдерісіндегі дербес оқыту" және "Зерттеулер, даму және инновация" курстарынан өту болып табылады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • гипотезаны тестілеу, педагогикалық эксперименттер жүргізу және/немесе зерттеу жоспарына сәйкес деректерді жинау үшін сындарлы және инклюзивті білім беру үдерісін өз бетінше жобалау және ұйымдастыру; • оқу мен оқытудың инновациялық стратегияларын, сондай-ақ пән бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді сабақ/сабақ жоспарларын, оқу және сыныптан тыс іс-шаралар негізінде білім беру үдерісін және/немесе сыныптан тыс іс-шараларды жобалау, өткізу және бағалау әдістері мен құралдарын қолдану; • эксперименттердің нәтижелерін және/немесе жиналған деректерді талдап, қорытынды жасау; • әртүрлі коммуникация формаларын қолдана отырып, зерттеу қызметін құжаттау және нәтижелерді кәсіби түрде ұсыну; • өзінің кәсіби қызметін ұйым қызметімен өзара байланыста бағалау және эксперименттер мен практикалық зерттеулер арқылы өз жұмысын және жұмыс ортасын жақсарту бойынша идеялар құру.

4.2 Пәндік компоненттің құрылымы

Модуль атауы және негізгі пәндер	Академиялық кредит
ТҮРКІ ДҮНИЕСІ	16
Таңдау компоненті	3
Ататүрік принциптері	3
Түркі мемлекеттер тарихы	
Жоғары оқу орны компоненті	13
Ясауитану	3
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 1-A1,B2)	5
Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 2-A2, C1)	5
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ	11
Жоғары оқу орны компоненті	5
Цитология, гистология және эмбриология	5
Таңдау компоненті	6
Бейорганикалық химия	6
Жалпы химия	

Химияға кіріспе	
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ	60
Жоғары оқу орны компоненті	44
Атом құрылысы және периодтылық	5
Өсімдік ағзасының құрылымы мен қызметі	6
Аналитикалық химия	7
Жануарлардың құрылымы мен қызметі	6
Академиялық жазылым	3
Көміртек және оның қосылыстарының химиясы	7
Физикалық химия	5
Химиядан есептер шығару	5
Таңдау компоненті	16
Биохимия	5
Биоорганикалық химия	
Адам биологиясы	5
Адам анатомиясы	
Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары	6
Генетика және селекция негіздері	
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР	16
Жоғары оқу орны компоненті	11
Мектепте химияның құрылымдық-мазмұндық бөлімдерін оқыту	6
Химия бойынша оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру	5
Таңдау компоненті	5
Биологиялық зерттеулерді жүргізу әдістемесі	5
Биологиялық білім берудегі зерттеу және жобалау қызметі	
БИОХИМИЯ НЕГІЗДЕРІ	20
Жоғары оқу орны компоненті	10
Химиялық синтездеу өнері	5
Молекулалық биология	5
Таңдау компоненті	10
Микробиология биотехнология негіздерімен	5
Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен	
Биофизика және биоинформатика	5
Жаратылыстанудың ғылыми негіздері	
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ	7
Жоғары оқу орны компоненті	2
Химия зертханасы және тәуекелдерді басқару	2
Таңдау компоненті	5
Биологиядағы STEM-білім	5
Биологиядағы цифрлық технологиялар	
STEM оқытуды жобалау	
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ	8
Барлық академиялық кредиттер	138

Түркі дүниесі, барлығы 16 кредит	
Жоғары оқу орны компоненттің көлемі 16 академиялық кредитті құрайды. Бұл компонент ЖОО-ның барлық оқу бағдарламалары үшін ортақ болып табылады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісім негізінде құрылды. Осыған орай, түркітілдес елдердің жастарынан заманауи жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында университетке «Ясауитану», «Ататүрік принциптері», «Түркі мемлекеттерінің тарихы» пәндерінің түркі әлемі модулін енгізу міндеті жүктелді. Сондай ақ барлық ББ-лар үшін түрік тілін (түрік азаматтары үшін қазақ тілін) үйрену міндеттелді.	
Курс атауы	Ататүрік принциптері
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Түркі дүниесі, барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс міндетті құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Тұжырымдамалық-теориялық білім құзыреттіліктері (4) Пән білім алушыларда Түркияның тарихи дамуы туралы жан-жақты түсінік қалыптастырады, тарихи ақпарат жинау, талдау және жалпылау дағдыларын дамытады ғылыми бағалауды қалыптастырады. Курсты оқу барысында білім алушы дүниежүзілік тарихи процесс контекстінде Түркия тарихының негізгі заңдылықтары, кезеңдері мен мазмұны туралы білімдер алады, студенттердің шығармашылық қабілетін, пайымдау еркіндігін, Ататүріктің рухани, тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, қолдану және арттыруға деген қызығушылығын оятады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - гуманитарлық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізеді, оқытудың заманауи әдістерін, құралдарын және нысандарын қолдана алады, ғылыми деректерді жан-жақты зерделейді, талдайды, жүйелейді; - заманауи білім беру мазмұнына байланысты зерттеу қабілеті мен іскерлігіне ие, критериялы бағалау технологиясының жаңа формалары мен әдістерін меңгереді (жобалау, сыни ойлау), кәсіби деңгейде ақпараттық технологияларды және техникалық құралдарды қолданады; - гуманитарлық пәндер саласындағы негізгі үрдістерді түсіндіре біледі, мәселелерді, оқиғаларды, идеяларды және теорияларды тұжырымдауда интерпретациялау қабілетін қолданады; - ғылыми зерттеу саласында фактілердің, құбылыстардың, теориялардың арасындағы күрделі

	байланыстарды түсіндіре алады.
Курс атауы	Түркі мемлекеттер тарихы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Түркі дүниесі , барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс міндетті құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Концептуалдық-теориялық білім құзыреттіліктері (4) Пән студенттердің дүниежүзілік тарихи үдерісте түркі халықтары мен мемлекеттерінің орны мен рөлі туралы біртұтас түсініктерін қалыптастыруға, студенттердің тарихи ақпаратты іздеу, жүйелеу және жан-жақты талдау дағдыларын меңгеруге, өткен мен бүгінгі күннің тарихи процестерінің мән-жайын түсінуге, ақиқатқа бағдарланған өзіндік ұстанымдарын қалыптастыруға, азаматтық, отаншылдық, ұлттық бірегейлік, ұлтаралық және дінаралық толеранттылық көзқараста тәрбиелеуге бағытталған.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • тарихи оқиғаларды адамзаттың тарихи дамуымен байланыстыра алады; • тарихи оқиғалардың барысы мен салдарын ғылыми тұрғыда сипаттау және талдау тәсілдерін меңгереді; • сыни тұрғыдан дәлелді мағлұматтар негізінде қазіргі қоғамдық мәселелерді шешу жолдарын түсіндіреді; • ұлттық басымдықтарға сәйкес тарихи сана мен дүниетанымдық қағидалардың қалыптасуының маңыздылығын анықтайды;
Курс атауы	Ясауитану
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Түркі дүниесі , барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс міндетті құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Концептуалдық-теориялық білім құзыреттіліктері (4) Пән ясауилік құндылықтармен таныстырады, академиялық, жеке, мәдени, кәсіби қатынастарда ғылым, діни төзімділік, адамдар қатынасы, құқығы туралы ясауилік ұстанымдарды қалыптастырады. Білім алушы ясауи мәдениетінің ерекшелігін түсініп, қоғамдағы әлеуметтік, этикалық, конфессиялық, мәдени ерекшеліктермен салыстыра біледі.

	Ясауи ілімінің түркі халықтарының ұлттық мәдениеті, діни түсінігіндегі маңыздылығын түсінеді, қоғамдық ынтымақ, бірлікке ұйытқы болатын «хикметтің» ұлт руханиятындағы орнын саралап, белсенді кәсіби, әлеуметтік қатынас орнату қабілеттерін қалыптастырады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • Білім алушы ясауи мәдениетінің ерекшелігін түсініп, қоғамдағы әлеуметтік, этикалық, конфессиялық, мәдени ерекшеліктермен салыстыра біледі; • Жеке, мәдени, кәсіби қатынастарда ғылым, діни төзімділік, адамдар қатынасы, құқығы туралы ясауилік ұстанымдарды қалыптастырады; • Түркі халықтарының діни және діни емес дүниетанымының, Ясауи ілімінің теориялық негіздерін түсіндіреді; • Ясауи дүниетанымын көпшілікке жеткізу дағдыларын көрсетеді; • Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызды орынға ие екендігін түсіндіреді;
Курс атауы	Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 1-A1,B2)
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Түркі дүниесі , барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс міндетті құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Бұл курс түрік тілінің бастапқы деңгейін оқуға арналған. Курстың мақсаты - "Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне" сәйкес студенттердің А1 деңгейінде практикалық дағдыларын қалыптастыру. Курс студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік қарым-қатынасқа дайындығы мен қабілетін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу нәтижесінде студент нақты мәселелерді шешуге бағытталған таныс күнделікті сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін түсінеді және қолданады.
	Пән академиялық В2 деңгейіндегі түрік тілінің негізгі стандартын үйренуге арналған. Курс техникалық (мамандандырылған) тақырыптарды қоса алғанда, түрік тіліндегі нақты және дерексіз тақырыптар бойынша күрделі мәтіндерді ұсынады. Пәнді оқу нәтижесінде студент әртүрлі академиялық, ғылыми тақырыптар бойынша түсінікті, егжей-тегжейлі мәтін құра алады, көзқарасты түсіндіре алады, тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды қолдай алады және оларға қарсы дәлелдер келтіре алады.

Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: Студенттер А1 деңгейінде негізделген мәліметтерді пайдалана отырып, шақ категорияларын пайдалана отырып, шет тілінде жеткізе алады;тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыру арқылы, лексикалық талаптарға сүйене отырып, интонациямен дұрыс сөйлей алады.стилистикалық ерекшеліктерді назарға ала отырып, шет тілінің даму заңдылықтарын анықтайды:әлеуметтік сипаттағы мәтіндерде оқиғалардың себептері мен салдарын лингвистикалық тұрғыдан сипаттайды және талдайды;осы деңгейде негізделген жеткілікті тіллік құралдармен тілдік материалдарды дәлелді қолданады:катесіз сөйлеумен қатар жіберілген қателерді дер кезінде және өз бетінше түзетеді. Студенттер В2 деңгейінде негізделген мәліметтерді пайдаланып, шақ категорияларын қолдана отырып шет тілінде жеткізеді.Тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс меңгереді, лексикалық талаптарға сүйене отырып, интонациямен дұрыс сөйлейді; Әлеуметтік сипаттары мәтіндерде оқиғалардың себептері мен салдарын анықтайды; Осы деңгейде негізделген жеткілікті тілдік құралдар мен тілдік материалдарды дәлелді қолданады; катесіз сөйлейді, жіберілген қателерді өз бетінше түзетеді.
Курс атауы	Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 2-А2, С1)
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Түркі дүниесі , барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс міндетті құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған:
	Пән түрік тілінің жалғастырушы деңгейін үйренуге арналған, "Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне" сәйкес А2 деңгейінде студенттердің практикалық дағдыларын дамытады. Курс студенттердің тілдік деңгейіне байланысты жазбаша (оқылым, жазылым) және тікелей ауызша (айтылым, тыңдалым) коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Пәнді оқу нәтижесінде студент қарапайым күнделіктіәлеуметтік тақырыптарда сөйлесе алады, қарапайым жағдайларды сипаттай алады.
	Пән академиялық С1 деңгейінде түрік тілінің негізгі стандартын оқуға арналған. Курста күрделі публицистикалық және көркем мәтіндер, олардың стилистикалық ерекшеліктері

	қарастырылады. Студенттердің ауызша және жазбаша кәсіби, ғылыми, академиялық қарым-қатынастар орнату дағдыларын дамытады. Курсты оқу нәтижесінде студент күрделі тақырыптарды нақты және егжей-тегжейлі айтады, өз ойларын жазбаша түрде нақты және қисынды түрде білдіреді, тілдік стильді қолдана отырып, өз көзқарастарын нақты айтады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: Студенттер А2 деңгейінде негізделген мәліметтерді пайдалана отырып, шак категорияларыи пайдала отырып, шет тілінде жеткізеді; тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс меңгереді, лексикалық талаптарға сүйене отырып, интонациямен дұрыс сөйлейді. Әлеуметтік сипаттағы мәтіндерде оқиғалардың себептері мен салдарын анықтайды; осы деңгейде негізделген жеткілікті тілдік құралдар мен тілдік материалдарды дәлелді қолданады; катесіз сойлейді, жіберілген кателерді өз бетінше түзетеді.
	Түрік тілінің С1 деңгейінің құрылымы жайлы білімін жетілдіреді; практикалық тақырыптар арқылы кәсіби теориялық және лингвистикалық ойлау дағдыларын дамытады; жазбаша тапсырмалар арқылы түрік тіліндегі жазылым дағдысын, сауаттылығын арттырады; тыңдалым және ауызша тапсырмалар өзара қарым-қатынастың нақты әдістерін қолданады және қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Оқылым мәтіндері арқылы сөздік қорды дамытады.
Химия-биологияға кіріспе, барлығы 11 академиялық кредит	
Модуль заттың сандық құрамын зерттеу кезінде есептеулерде математикалық тұжырымдамалық аппаратты дамытуға ықпал етеді және молекулалардың кеңістіктік құрылымы мен геометриясы туралы, сонымен қатар тірі организмдер жасушаларының құрылымын, органоидтардың қызметі мен субклеткалық құрылымдардың морфологиялық белгілері туралы түсінік береді. Модульді оқу өндіріс пен өмірдегі мәселелерді шешу үшін жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың бірігуі туралы түсінік қалыптастырады. Модуль экологиялық сауаттылықты, қабылданған шешімдер мен әрекеттердің экологиялық салдары үшін әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Модуль сонымен қатар жергілікті және жаһандық ауқымда қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму мәселелерін талдау мен бағалауды талқылауға кең, кешенді, объективті және шығармашылық көзқарасты оқушылардың меңгеруіне ықпал етеді.	
Курс атауы	Цитология, гистология және эмбриология
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияға кіріспе, барлығы 11 академиялық кредит

Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Болашақ мұғалімдер жасушаның құрылымы мен өмірлік принциптері, жасушаішілік компоненттері, олардың құрылымы мен қызметі, сондай-ақ эмбриональды даму ерекшеліктері туралы іргелі білімді игереді. Оптикалық аспаптармен жұмыс істеу дағдылары бар, гистопрепараттармен және бекітілген материалдармен жұмыс істей алады, микропрепараттарды дайындау техникасын меңгереді.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • тірі ағзалар жасушаларының құрылымын, органоидтардың қызметін салыстырады; • органоидтардың, субклеткалық құрылымдардың морфологиялық белгілерін, тіндердің түрлері мен морфологиясын сипаттайды; • тірі ағзалар мен эмбриологияның көбею тәсілдерін салыстырады; • цитологиялық және гистологиялық зерттеу әдістерін тәжірибеде қолданады; • жасушалардың бөліну механизмдері түрлерін түсіндіреді.
Курс атауы	Бейорганикалық химия
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияға кіріспе, барлығы 11 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) Курс болашақ маманның жалпы химиялық даярлығы мен ғылыми дүниетанымының негізін құрайды, шығармашылық ойлауын дамытады. Пәнді оқу кезінде электронның табиғаты мен атомның құрылымы туралы кванттық механикалық ұғымдар және химиялық үдерістердің негізгі теориялары туралы заманауи ұғымдар қалыптасады. Пән химиялық циклдің жеке ғылымдарын одан әрі зерттеуге негіз болады

	және периодтық жүйенің құрылысы мен оның маңызын, атом құрылысы теориясын, химиялық байланыс теориясын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Курс заттардың құрамы, құрылымы, қасиеттері және қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға көмектеседі.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • химиялық ұғымдар мен терминдердің академиялық тілін түсінеді; • оксидтер, қышқылдар, негіздер және тұздардың формулаларын құрастырып, оларға дұрыс атау береді; • қысқартылған иондық теңдеулермен реакциялардың мәнін көрсетеді және алған білімдерін қышқылдардың, негіздердің, тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттауда қолданады; • элементтерге салыстырмалы сипаттама береді; • зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін заттар мен қосылыстарды химиялық зерттеудің қарапайым әдістерін қолданып, эксперименттер жүргізеді.
Курс атауы	Жалпы химия
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияға кіріспе, барлығы 11 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) Пән химияның теориялық және қолданбалы аспектілерін интеграциялау арқылы базалық білімін қалыптастырады. Білімгер пән аясында атом құрылысы, химиялық байланыс түрлері мен реакциялардың жүру заңдылықтарын қолдану арқылы қосылыстардың химиялық қасиеттері туралы білімді меңгереді. Теориялар және заңдылықтар негізінде есептер шығаруда, зертханалық тәжірибелер жасауда, проблемалық мәселелерді шешуде, ғылыми ізденістер жүргізуде тәжірибелік дағдыларды меңгереді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • химиялық ұғымдар мен терминдердің академиялық тілін түсінеді; • оксидтер, қышқылдар, негіздер және тұздардың формулаларын құрастырып, оларға дұрыс атау береді; • қысқартылған иондық теңдеулермен реакциялардың мәнін көрсетеді және алған білімдерін қышқылдардың, негіздердің, тұздардың химиялық қасиеттерін сипаттауда қолданады; • элементтерге салыстырмалы сипаттама береді; • зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін заттар мен

	қосылыстарды химиялық зерттеудің қарапайым әдістерін қолданып, эксперименттер жүргізеді.
Курс атауы	Химияға кіріспе
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияға кіріспе, барлығы 11 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1) - Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) Курс болашақ мұғалімдердің химияның негізгі ұғымдары мен заңдары, атом және молекулалық ғылым негіздері, заттың құрылысы, Периодтылық заңы, химиялық байланыс, химиялық үдерістің заңдылықтары, ерітінділер туралы ілімі, электролит ерітінділеріндегі алмасу реакциялары, тотығу-тотықсыздану реакциялары туралы білімдерін қалыптастырады. Ұсынылып отырған курс химияның күнделікті өмірдегі рөлі, оның қоғам өміріндегі қолданбалы маңызы туралы түсінік қалыптастырады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - химиялық ұғымдар мен терминдердің академиялық тілін түсінеді; - химияның стереохимиялық заңдылықтары, периодтылық заңы, химиялық үдерістің заңдылықтары туралы білімдерін тұжырымдайды және жүйелейді; - зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін заттар мен қосылыстарды химиялық зерттеудің қарапайым әдістерін қолдана отырып, эксперименттер жүргізеді; - химияның басқа ғылымдармен байланысын орнатады; - қоршаған ортада болып жатқан үдерістерді химия ғылымы және тұрақты даму тұрғысынан талқылайды.
Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит Модуль сыни ойлау мен талдау әрекеттеріне негізделген зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Модуль табиғатта, зертханада, күнделікті өмірде болып жатқан химиялық және биологиялық құбылыстарды бақылау, сипаттау және түсіндіру қабілеттерін жетілдіреді; химиялық және биологиялық эксперименттер жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, заттармен және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеуге; зерттеулерді өз бетінше жобалау (жоспарлау), тәуекелдер мен қауіптерді анықтау, ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізу, мәліметтерді жинау, олардың нәтижелерін талдау және бағалау дағдыларын қалыптастырады. Модуль химия және биология ғылымының жетістіктеріне байланысты білімдерді кіріктіруге, сонымен қатар пәндердің мазмұны мен	

оқушылардың білім беру және өмірлік тәжірибесі арасындағы байланысты табуға ықпал етеді.	
Курс атауы	Атом құрылысы және периодтылық
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1) - Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) Курс атом құрылысы, элементтер мен олардың қосылыстары қасиеттерінің тәуелділігі, химиялық байланыс түрлері туралы іргелі теориялық білімді қалыптастырады. Курс заттардың қасиеттерін болжауда логикалық ойлауды дамытуға, заттың құрылымы мен құрылысын үлгілеуге, заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері арасындағы себеп-салдық байланысты орнатуға ықпал етеді. Курс химиялық эксперимент жүргізу, эксперимент нәтижелерін сипаттау, химиялық зертханада қауіпсіз жұмыс істеу нормалары мен ережелерін сақтау дағдыларын дамытады және жетілдіреді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - химиялық элементтерді атомдарының құрылымдық ерекшеліктеріне және олардың периодтылық жүйедегі орнына байланысты сипаттайды; - заттардың қасиеттерін болжайды, заттың құрылысы мен құрылымын үлгілейді; - заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері арасында себеп-салдық байланыс орнатады; - химиялық зертханада қауіпсіз жұмыс істеу нормалары мен ережелерін сақтай отырып, химиялық эксперимент жүргізеді.
Курс атауы	Өсімдік ағзасының құрылымы мен қызметі
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық	6

кредит	
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Болашақ мұғалімдер ботаника, анатомия және өсімдіктер морфологиясы саласында іргелі білімді игереді, терминологиялық аппаратты меңгерген, оптикалық аспаптармен, гербарий және бекітілген материалдармен жұмыс істеу дағдыларын, микропрепараттарды дайындау техникасын меңгереді.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • өсімдік жасушалары мен тіндерінің құрылымдық ерекшеліктерін таниды; • өсімдіктердің вегетативті және генеративті мүшелерінің анатомиялық-морфологиялық белгілерін салыстырады және сипаттайды; • тұтас және тұрақты құрылымды құру кезінде өсімдіктер мен биогеоценоздағы органикалық әлемнің басқа өкілдері арасындағы өзара әрекеттесудің күрделі сипатын көрсетеді; • өсімдіктердің көбею әдістері мен көбею циклдары туралы білімді көрсетеді; • өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлін ашады; • өсімдіктердің құрылымы, олардың сыртқы жағдайларға бейімделу процесінде өзгергіштігі туралы алған білімдері мен дағдыларын жалпылайды; • өсімдіктер әлемі туралы биосфераның маңызды құрамдас бөлігі ретінде талқылайды; • оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау кезінде зерттеулер жүргізеді.
Курс атауы	Аналитикалық химия
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	7
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1,2) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (5,7) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (14) Курста аналитикалық химияның негізгі теориялық мәселелері, сапалық және сандық талдау әдістері

	карастырылады. Болашақ мұғалімдер химиялық заттарды сәйкестендіру, айқындау, бөлу және анықтау бойынша білімге ие болады, тәжірибелік жұмыстарды орындау және рәсімдеу, реактивтермен және жабдықтармен жұмыс істеу, қауіпсіздік техникасы бойынша дағдыларды меңгереді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • сапалық және сандық зерттеу әдістерінің негіздерін сипаттайды; • заттың сандық құрамын анықтау кезінде талдаудың титриметриялық әдістерінің қағидаттарын түсінеді; • химиялық экспериментте жеке операцияларды (өлшеу, еріту, қыздыру, сүзу, кептіру, күйдіру және т.б.) орындау техникасын меңгереді. • катиондар мен аниондарды анықтау үшін сапалық талдау жүргізеді, нақты реакциялардың мәнін және олардың аналитикалық әсерлерін түсіндіреді; • теориялық титрлеу қисықтарын есептей біледі; • алынған нәтижелерді ғылыми заңдар мен сабақтас пәндердің фактілері тұрғысынан талдайды және өңдейді; • жүйелі және кездейсоқ қателерді анықтау арқылы эксперимент нәтижелерін бағалайды.
Курс атауы	Жанауарлардың құрылымы мен қызметі
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Болашақ мұғалімдер жанауарлар әлемінің қарапайым біржасушалы формалардан жоғары ұйымдасқан таксондарға (буынаяқтылар, моллюскалар, буынаяқтылар) даму заңдылықтарын, морфологиялық-физиологиялық ұйымдардың ерекшеліктерін, филогенезді, эмбриогенезді, физиологияны, көбеюді, географиялық таралуды, экожүйелердегі рөлін және омыртқасыз жанауарлардың негізгі типтері мен кластарының практикалық маңыздылығын, экожүйелердің тұрақтылығының жетекші факторы ретінде биоәртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын зерттейді. Пәнді оқу барысында зоологияның ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы маңызы көрсетіледі.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • арнайы терминологияны қолдана отырып,

	омыртқасыздардың анатомиялық-морфологиялық, физиологиялық, экологиялық ерекшеліктерін сипаттайды; • салыстырмалы талдау негізінде омыртқасыздар құрылымының қарабайыр және прогрессивті ерекшеліктерін анықтайды; • омыртқасыз жануарлардың таксономиялық байланысын анықтайды және жіктейді; • биологиялық объектілерді бақылайды; • зоологиялық материалды камералдық өңдеуді жүргізеді, омыртқасыз жануарлардың микро және макропрепараттарын жасайды; • жүйелі және биологиялық коллекцияларды орнатады; • эксперимент жүргізу, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және жоспарлау кезінде алған білімдері мен дағдыларын қолданады; • жануарлар патшалығы эволюциясының ғылыми мәселелері туралы пікірталастарға қатысады; • экожүйелердегі омыртқасыз жануарлардың құрылымы мен рөлін жазбаша және ауызша сипаттайды және түсіндіреді; • омыртқасыздар зоологиясы саласындағы ғылыми ақпаратты талдайды, жалпылайды және жүйелейді; • өз жұмысының нәтижелерін сызады және рәсімдейді; • ағзалар арасындағы филогенетикалық қатынастарды негіздейді.
Курс атауы	Академиялық жазылым
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (9) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (13) Курс жазбаша жұмыстың барлық түрін қолданыстағы талаптарға сай құрастыру, жазу дағдыларын дамытуға бағытталған. Болашақ мұғалімдер қарым-қатынас және топтық жұмыс технологиясын, коммуникация стратегияларын меңгереді. Болашақ мұғалімдер академиялық жазудың ерекшеліктерін, жазбаша жұмыс түрлерін академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес дұрыс жазуды және құрастыруды зерттейді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • қолданыстағы талаптарға сәйкес жазбаша жұмыстарды: ғылыми эссе, тәжірибелік зерттеу есебі, жоба қызметінің сипаттамасы мен нәтижелері және т.б. құрастырады және рәсімдейді; • зияткерлік меншік құқықтарын сақтау үшін сілтеме жүйелерінің біріне ақпарат көздерін құжаттайды;

	•ғылыми басылымдардың деректер қорымен, библиографиялық дереккөздермен жұмыс істейді, пайдаланылған дереккөздерге сілтеме жасайды.
Курс атауы	Көміртек және оның қосылыстарының химиясы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	7
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (3) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (12) Курс органикалық қосылыстардың қасиеттері, құрылымы және химиялық әрекеті туралы жүйелі білім, сондай-ақ химиялық байланысының табиғаты туралы заманауи түсініктерді қалыптастырады. Курс қоршаған ортадағы органикалық заттардың қосарлы рөлін талқылау қабілетін меңгеруге; органикалық қосылыстар химиялық байланысының табиғаты және молекуладағы атомдардың өзара әсері туралы білімді бейорганикалық және органикалық қосылыстардың кластары арасында генетикалық байланыс орнату үшін қолдануға ықпал етеді. Физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, органикалық қосылыстарды анықтауда тәжірибелік дағдыларды дамытады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • классикалық және қазіргі органикалық химияның заңдары мен теориясының іргелі білімін қолданады; • органикалық заттардың құрылысы теориясы негізінде тірі ағзалардағы биоорганикалық молекулалардың химиялық табиғатын және жеке химиялық үдерістер арасындағы байланысты түсіндіреді; • органикалық заттардың химиялық реакцияларының механизмдерін сипаттайды; • органикалық қосылыстардың қоршаған ортаға әсерін талқылайды; • қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, органикалық заттармен химиялық тәжірибелер жүргізеді.
Курс атауы	Физикалық химия
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер

Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (2); • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6,7) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (14) Курс болашақ мұғалімдердің химиялық дүниетанымын дамытуға және термодинамика мен кинетика заңдарына негізделген заттардың құрылысы мен химиялық үдеріс туралы заманауи түсініктерді алуға; классикалық және статистикалық термодинамиканың теориялық негіздерін және химиялық проблемаларды шешу үшін термодинамикалық әдістерді қолдану әдістерін меңгеруге бағытталған. Пәнді оқу барысында болашақ мұғалімдер химиялық және фазалық тепе-теңдіктің әртүрлі типтерін және ерітінділердегі заттардың қасиеттерін сипаттау мен түсіндіру кезінде үлгілеуге және сандық есептеулерді жүргізуге мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қалыптастырады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • физикалық химияның заңдылықтары мен түсініктерін негізделген пайымдаулармен тұжырымдайды; • заттың негізгі фазалық күйлерінің (газдар, қатты денелер және сұйықтар) құрылымы мен қасиеттерін сипаттайды; • беттік құбылыстардың физикалық-химиялық негіздерін және бос беттік энергияға әсер ететін факторларды және фаза шекараларында адсорбцияның ерекшеліктерін талқылайды; • қалып-күй диаграммалары негізінде фазалық тепе-теңдікті талдайды; • физикалық-химиялық аспаптарды пайдалана отырып, қауіпсіз эксперименттер жүргізеді.
Курс атауы	Химиядан есептер шығару
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (1); • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (5)

	• Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (12,14) Курс алған білімдерін мектептегі химия курсының негізгі деңгейіндегі және күрделі деңгейіндегі есептерді шешу үшін қолдануға бағытталған. Күрделілігі әртүрлі теориялық, есептеу және эксперименттік есептерді шешу әдістері қарастырылады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • химияның стехиометриялық заңдары бойынша білімді есептеу және эксперименттік есептерді шешу үшін қолданады; • Ғылыми-зертханалық және оқыту сипаттындағы тәжірибелік-бағдарланған міндеттерді шешу үшін тәжірибелік есептеу әдістері туралы білімдерін қолданады; • формулаларды түрлендіру және есептеулерді орындау үшін өзара байланысты ғылымдардың білімін пайдаланады.
Курс атауы	Биохимия
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (2, 3); • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (6) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттіліктері (10) Болашақ мұғалімдер ағзадағы зат алмасу үдерістерін түсіндіру үшін биоорганикалық заттардың құрылысы туралы білімдерін пайдаланады. Болашақ мұғалімдер әртүрлі заттардың құрылымын зерттеу үшін биохимиялық талдау жүргізеді. Олар эксперимент кезеңдері мен сабақтас ғылымдар негіздері арасындағы логикалық байланысты ұстануды үйренеді және мектептегі химиялық эксперимент жүргізу дағдыларын меңгереді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • тірі ағзадағы химиялық үдерістердің және энергияның өзгеріс заңдылықтары мен мүмкіндіктерін түсіндіреді; • ағзада болатын химиялық өзгерістердің реттелу механизмдерін және олардың тіршілікті қамтамасыз етудегі рөлін сипаттайды; • эксперименттік зерттеулердің толық циклін жүргізе алады.

Курс атауы	Биоорганикалық химия
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (2). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5,6,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (8,9,13) Курста биоорганикалық химияның мәселелері қарастырылады, тірі ағзалардағы органикалық заттарды алу және анықтау дағдылары қалыптасады. Дәріс және зертханалық сабақтар кезінде болашақ мұғалімдер органикалық заттардың құрылымы мен олардың биологиялық функциялары арасындағы байланысты талдайды, биологиялық маңызды табиғи заттардың (биополимерлер, дәрумендер, гормондар, баб, антибиотиктер) және синтетикалық қосылыстардың (дәрілік заттар, пестицидтер және т.б.) құрылымына, қасиеттері мен функцияларына зертханалық зерттеулер жүргізеді. Болашақ мұғалімдер аспаптармен, материалдармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын пысықтайды, жеке және топтық зерттеулер жүргізу тәсілдері мен әдістерін таңдайды, шығармашылық міндеттерді шешеді және проблемалардың жаңа стандартты емес шешімдерін ұсынады, кәсіби даму үшін биологиялық эксперимент нәтижелерін практикалық қолдануды көрсетеді, эксперименттік және есептік деректерді бағалайды, зерттеу жұмыстары бойынша есептер шығарады және емтихан тапсырады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • биологиялық белсенді заттардың атауларын құрастыру және формулаларын жазу кезінде органикалық қосылыстарды номенклатура бойынша жіктейді; • биологиялық маңызды заттардың химиялық құрылымы мен қасиеттерін зерттеу мақсатында эксперименттер жүргізеді; • химиялық, физикалық, физика-химиялық, математикалық және биологиялық әдістерді қолдана отырып, биологиялық эксперимент жүргізу дағдыларын көрсетеді; • тірі ағзалардың өміріндегі биополимерлердің, ферменттердің, гормондардың, дәрумендердің, сигналдық заттардың, антибиотиктердің, ББЗ және басқалардың маңыздылығын бағалайды; • шағын жобаларды жүргізеді: гипотеза мен қорытындыларды тұжырымдайды, жоспарлайды, күшті және әлсіз жақтарын бағалайды, есеп жасайды; • жобалау және зертханалық жұмыстар бойынша зерттеу деректерін жинауды, өңдеуді және түсіндіруді жүзеге асырады; •

	ғылыми тілді, пәндік терминологияны және шартты белгілерді орынды және дұрыс қолданады, бұл зерттеудің мәні, процесі мен нәтижелерін түсінуге ықпал етеді; • биоорганикалық химия мәселелеріне креативті стандартты емес шешімдерді ұсынады; • кәсіби даму үшін биологиялық зерттеу нәтижелерін қолданады; • оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастырады, білім алушылардың пәнаралық және зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту дағдыларын көрсетеді
Курс атауы	Адам биологиясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Курс адамның биологиялық объект ретінде жұмыс істеуі туралы кешенді идеяны қалыптастырады; онто - және филогенетикалық ерекшеліктерді ескере отырып, орган жүйелерінің құрылымы мен жұмыс істеу ерекшеліктерін қарастырады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • микро және макроскопиялық деңгейде адам ағзасының топографиясы мен құрылымының заңдылықтарын анықтайды; • органдар құрылымының орындалатын қызметтермен байланысын түсіндіреді; • адам ағзасының мүшелері мен жүйелерінің құрылымы мен қызметі, олардың өзара байланысы және реттеу механизмдері туралы білімді жүйелейді; • адам денесінің құрылымын бағдарлау, ағзалар мен олардың бөліктерінің дене бетіндегі орналасуы мен проекциясын табады және анықтайды; • адам ағзасының дамуының құрылымдық және функционалдық параметрлерін бағалайды; • органдар мен оның жүйелерінің жұмысын зерттеу бойынша эксперименттерді жобалайды және жүргізеді; • анатомиялық және физиологиялық білімді өмірде, соның ішінде түрлі аурулардың алдын алу ретінде қолданады.
Курс атауы	Адам анатомиясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті

Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Болашақ мұғалімдер тұтастай алғанда дененің құрылымы мен қызметінің негізгі заңдылықтарын, сондай-ақ адамның жеке мүшелері мен жүйелері туралы түсініктерді игереді, терминологиялық аппаратқа, зертханалық құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларына ие болады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • адам денесі құрылымының жалпы заңдылықтарын, дене бөліктерінің құрылымдық және функционалдық қатынастарын түсіндіреді; • ұғымдық аппаратты және мамандандырылған терминологияны қолданады; • ағзадағы органдардың орналасуы мен өзара орналасуын анықтайды; • топография, адам денесінің құрылымы, оның жүйелері, мүшелері мен тіндері және олардың негізгі функциялары туралы ақпаратты талдайды; • зерттелетін макроскопиялық препараттардың морфологиялық өзгерістерін сипаттайды; • мектептегі жеке органдар мен органдар жүйелерінің жұмысын зерттеу бойынша қарапайым эксперименттерді жобалайды және жүргізеді; • эксперименттерді орындау кезінде этикалық нормаларды сақтайды.
Курс атауы	Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (3). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5,6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (10,11) Болашақ мұғалімдер тұқым қуалаушылық заңдылықтары, тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы, ядролық

	емес тұқым қуалаушылық, табиғи және индукцияланған мутация процесі, генетикалық инженерия негіздері, даму генетикасы, популяция және эволюциялық генетика, селекцияның генетикалық негіздері, адам генетикасының ерекшеліктері туралы білімді игереді. Болашақ мұғалімдер генотиптің әсері мен қоршаған орта факторларының ағзаның дамуына байланысын анықтайды. Болашақ мұғалімдер сонымен қатар популяциядағы тұқым қуалаушылықты, популяцияның генетикалық құрылымына әртүрлі факторлардың әсерін қарастырады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • түрішілік және қашықтан будандастыру кезіндегі тұқым қуалаушылық заңдылықтарын ажыратады; • белгілердің тұқым қуалауының генетикалық мәселелерін шешу және алынған нәтижелерді түсіндіреді; • өзгергіштіктегі қоршаған орта мен тұқым қуалайтын факторлардың рөлін түсіндіреді; • кресттерді модельдеу үшін заманауи зерттеу әдістерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады; • селекциялық белгілердің тұқым қуалаушылық түрлерін, мутагендік факторлардың әсерінен пайда болатын генетикалық вариация түрлерін талдайды; • планетадағы тіршілік эволюциясындағы тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің рөлін, тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясының негізгі ережелерін және адам ауруларының тұқым қуалау механизмін түсіндіреді; • белгілердің тұқым қуалауының генетикалық мәселелерін шешеді және алынған нәтижелерді түсіндіреді
Курс атауы	Генетика және селекция негіздері
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Жаратылыстану ғылымдары, барлығы 60 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Құзыреттіліктер саласы - Концептуалдық-теориялық білім құзыреттіліктері (1) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (12,14) Курс медицинада, ауыл шаруашылығында, микробиология өнеркәсібінде, сондай-ақ гендік инженерияда маңызды рөл атқаратын идеялар мен әдістерді қамтиды. Болашақ мұғалімдер тірі материяны ұйымдастырудың барлық

	деңгейлеріндегі тұқым қуалаушылықтың цитологиялық негіздерін, тұқым қуалаушылық заңдылықтарын және белгілердің өзгергіштігін зерттейді, селекциялық белгілердің тұқым қуалаушылық түрлерін, фенотиптің қалыптасуындағы тұқым қуалаушылық пен қоршаған ортаның рөлін талдайды. Болашақ мұғалімдер модификация және мутациялық өзгергіштік, полиплоидия және алыс будандастыру мәселелерін қарастырады, сонымен қатар генетикалық ақпараттың берілу және жүзеге асырылу заңдылықтарын талдайды, селекция негіздерін, гендік инженерия, молекулалық-генетикалық талдау әдістерін оқиды.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • белгілердің тұқым қуалау түрлерін ажыратады және талдайды; • зерттеудің мәнін, процесі мен нәтижелерін түсінуге ықпал ететін генетикалық терминдер мен конвенцияларды орынды және дұрыс пайдаланады; • тұқым қуалаудың барлық түрлеріне генетикалық есептерді шешу үшін гибридологиялық, цитологиялық және популяциялық талдау әдістерін тәжірибеде қолданады; • генетикалық эксперименттерді жобалайды және жүргізеді; • сандық белгілерді өлшеу нәтижелерін өңдейді және талдайды; • планетадағы тіршілік эволюциясындағы тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің рөлін, тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясының негізгі ережелерін және адам ауруларының тұқым қуалау механизмін түсіндіреді; • өзгергіштік түріне факторлардың әсерін анықтау, мутациялардың тірі организмдердің тіршілік әрекеті мен планетадағы тіршілік эволюциясы үшін себептері мен салдарын талқылайды; • өсімдіктер мен жануарлардағы генетикалық процестер туралы түсініктерді біріктіреді; • гендер арасындағы кроссинг-овер пайызын анықтау үшін есептеулер жүргізеді және гендер үшін генетикалық карталарды құрады; • популяциялардың генотиптік құрылымын және популяциялардағы фенотиптік жиіліктер бойынша аллельдер мен генотиптердің жиілігін анықтайды; • тұқым қуалаушылық түрлерін (ядролық – хромосомалық және ядродан тыс – цитоплазмалық) және оларды анықтайтын себептерді сипаттайды; • ағзаларды өсіру мәселелерін түсіну және шешу үшін генетика туралы білім мен әдістерді қолданады.
Химия-биологиядағы зерттеулер, барлығы 16 академиялық кредит Модуль проблеманы анықтау, эксперименттер жасау, зерттеу мәселелерін шешу, ақпаратты іріктеу және талдау, қызмет нәтижелерін жалпылау дағдыларын игеруге мүмкіндік береді. Оқу процестерін әзірлеу, енгізу, бағалау, оқу процесінде студенттердің әртүрлілігін ескеру және олардың әл-ауқатын сақтау қабілетін дамытады. Білім алушы зерттеудің мақсатын, өзектілігін, маңыздылығын анықтау бойынша білім алады, ғылыми мәтіндер жазу және зерттеу қорытындыларын көпшілік алдында ұсыну қағидаттарын меңгереді.	

Модуль пәндері өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, STEM-оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін сауатты пайдалану, тұрақты даму үшін жаһандық және жергілікті контекстті қамтиды.	
Курс атауы	Мектепте химияның құрылымдық-мазмұндық бөлімдерін оқыту
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологиядағы зерттеулер, барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	6
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (4) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (8,9) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (13) Курс Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының химия пәнінен білім беру мазмұны мен құрылымына, оны қалыптастырудың негізгі қағидаттарына және жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптарын іске асыру саласындағы химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады. Белсенділік пен тұлғаны дамыту тәсілдеріне сүйене отырып, жалпы білім беруді стандарттау әдістемесі шеңберінде мектептегі химиядан білім беруді ұйымдастыру, білім беру мазмұнын таңдау және құрылымдау мәселесі талқыланады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • химия сабағында мектеп оқушыларының іс жүзіндегі, тұжырымдамалық, рәсімдік және метатанымдық білімдерін пайдаланады; • жаңа білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, мектептегі химия курсының мазмұны мен тұжырымдамаларына талдау жасайды; • химиядан оқу-дидактикалық материалдармен, мектептегі химия кабинетінде бар жабдықтармен және техникалық құралдармен, соның ішінде цифрлық ресурстармен жұмыс істеу үшін алған білімдерін жүйелейді, жалпылайды.
Курс атауы	Химия бойынша оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологиядағы зерттеулер, барлығы 16 академиялық

	кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (5,9) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (12) Курс болашақ мұғалімдердің жобалық іс-әрекетін басқару және ұйымдастыру қабілетін қалыптастырады. Курс химиядан сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда оқу жобаларын жүргізуде зерттеушілік дағдыларды пайдалануға, білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану мен оқу үрдісінің субъектілерімен өзара әрекеттесуге, озық педагогикалық тәжірибені жалпылауға, химияны оқытуға жобалық іс-әрекетті өз бетінше ұйымдастыра білуге ықпал етеді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • мектептегі оқушыларға химиядан жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастырады және жоспарлайды; • проблемаларды шешуге негізделген бірлескен белсенді зерттеулерді өздігінен ұйымдастыруға бағыт-бағдар және кеңес береді; • әзірленген критерийлер бойынша топтың жобалық қызметін бағалайды; • оқушыларды зерттеу тақырыбы бойынша өз пікірлерін дәлелдей білуге үйретеді.
Курс атауы	Биологиялық зерттеулерді жүргізу әдістемесі
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологиядағы зерттеулер, барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (4,5,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (8,11,12) • Педагогика және дидактика саласындағы ая (2) Болашақ мұғалімдер биология саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістемесін, зерттеу кезеңдерін, биологиядағы зерттеу әдістерінің әртүрлілігін, зерттеу деректерін өңдеу әдістерін, зерттеу нәтижелерін ұсыну әдістерін зерттейді. Курс ғылыми жабдықтармен жұмыс істеу, теориялық және қолданбалы зерттеулер жүргізу

	дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • өзінің кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметінде биологиялық зерттеулер жүргізу әдістерін қолданады; • ғылыми және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу, оны зерттеу кезінде қолданады; • зерттеу гипотезасын анықтау және тұжырымдау, эксперимент жоспарын құру, әдістерді таңдау және соның негізінде биология саласында теориялық және қолданбалы зерттеулер жүргізеді; • биологиялық объектілермен эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, осы жұмыстың нәтижелерін өңдеу және ұсыну қабілеттерін көрсетеді; • оқу ортасының әртүрлі түрлерінде зерттеу әдістерін үйретеді.
Курс атауы	Биологиялық білім берудегі зерттеу және жобалау қызметі
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологиядағы зерттеулер, барлығы 16 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (4,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (8,11,12) • Педагогика және дидактика саласындағы ая (2) • Өзара әрекет етуге арналған құзіреттілік саласы (3,4) • Кәсіби дамуға арналған құзіреттілік саласы (8,9) Болашақ мұғалімдер білім берудегі жобалық іс-әрекеттің әдіснамасын, қазіргі мектептегі жобалар әдісін, оқу дизайнының практикасын, оқушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру мен кезеңдерін, мұғалім мен оқушылардың бірлескен жұмысын зерттейді. Пән зерттеу және жобалау қызметі шеңберінде жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • ғылыми және жобалық зерттеулерді ұйымдастыруда мақсаттар қояды және міндеттерді анықтайды; • заманауи ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізеді; • шығармашылық ойлау және жаңа мәселелер мен жағдайларды шешуге шығармашылықпен қарайды; • жобалық зерттеулер жүргізу бойынша білім алушылардың тәлімгерлігін жүзеге асырады және жұмыс істейді; • зерттеу

	және жобалау қызметінің нәтижелерін сауатты ұсынады.
Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит	
Модуль білім алушылардың пәнаралық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған және биология, химия, физика, информатика және математика қиылысында пәндерді оқуды көздейді. Модуль шеңберінде алынған құзыреттер білім алушыларға оқушылардың әртүрлілігін ескере отырып, білім беру ортасын қалыптастыруға және химия мен биологияның әртүрлі бөлімдерін зерделеу кезінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бірлігін күшейту құралы ретінде пәнаралық байланыстарды пайдалануға мүмкіндік береді.	
Курс атауы	Химиялық синтездеу өнері
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімдер құзыреттіліктері (4) • Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (7) • Қолданбалы және біріктірілген ғылымдар құзыреттілігі (14) Бұл курс өз бетінше, жеке жұмыстарды орындауда зерттеу іс-әрекетінің практикалық дағдыларын жетілдіреді. Курс химиялық синтезді жоспарлауға, заттарды бөлу және тазарту әдістерін таңдауға ықпал етеді. Курс химиялық синтезді ерекше тәсілдермен жүргізуге сындарлы көзқарасты дамытады.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • химиялық синтезді жоспарлайды және ерекше тәсілдермен жобалайды; • синтездің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды және жетілдіру жолдарын ұсынады; • алынған өнімнің тазалығын анықтайды және сипаттамаларын дәлелдейді; • синтез кезінде тәуекелдерді анықтайды және басқарады.
Курс атауы	Молекулалық биология
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық	5

кредит	
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (1). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (6) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Болашақ мұғалімдер вирустардың молекулалық ұйымдастырылуын, биополимерлердің құрылымын, қасиеттері мен функцияларын, прокариоттар мен эукариоттар геномының молекулалық ұйымдастырылуын, про - және эукариоттық гендердің құрылымын, оларды жүзеге асыру механизмдерін заманауи және классикалық зерттеу әдістерін қолдана отырып зерттейді. Болашақ мұғалімдер биомолекулалар деңгейінде генетикалық ақпаратты сақтау, көбейту, беру және енгізу механизмдері туралы түсінік қалыптастырады. Болашақ мұғалімдер генетикалық рекомбинацияның молекулалық негізін, РНҚ-ның әртүрлі түрлерінің құрылымын, өңделуін және қызметін, ақуыз-нуклеиннің өзара әрекеттесуін зерттейді. Болашақ мұғалімдер жасуша циклін, канцерогенезді және бағдарламаланатын жасуша өлімін реттеудің молекулалық механизмдерін қарастырады. Ғылым мен медицинада заманауи молекулалық-генетикалық әдістер мен технологияларды қолданудың негізгі принциптерін меңгереді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • биополимерлердің құрылымдарының, қасиеттері мен функцияларының ерекшеліктерін сипаттайды; • молекулалық деңгейде зертханалық зерттеулердің заманауи молекулалық-генетикалық әдістері мен технологияларын тәжірибеде қолданады; • ген экспрессиясының механизмдерін, олардың әсерін реттеу жолдарын, репликациясын, рекомбинациясын және ДНҚ жөндеуін түсіндіреді; • тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің молекулалық механизмдеріне есептерді шешу және матрицалық синтез процестерін модельдейді; • арнайы анықтамалық материалды, электрондық генетикалық мәліметтер базасын пайдаланады; • гендік, хромосомалық және геномдық деңгейлерде тұқым қуалайтын материалдың құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуын сипаттайды; • ген құрылымы мен оларды жүзеге асыру механизмдері арасындағы байланысты түсіндіреді; • жасушада молекулалық деңгейде болатын тіршілікті анықтайтын процестердің өзара байланысын анықтайды; • ғылым мен медицинада молекулалық-генетикалық әдістер мен технологиялардың қолданылуын бағалайды; • ғылыми зерттеу жүргізу үшін заманауи және классикалық әдістерді қолданады.

Курс атауы	Микробиология биотехнология негіздерімен
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (2). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5,6,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9,11,13) Курс микроағзалардың морфологиясын, физиологиясын, биохимиясын, генетикасын және систематикасын зерттеуді қамтиды. Сонымен қатар, бактериялар, ашытқылар, жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының дақылдарын пайдалану принциптері, химия және физика бойынша білімді пайдалана отырып, генетикалық инженерия мен биотехнологиялық өндірістегі метаболизм және биосинтетикалық мүмкіндіктер талқыланады. Дәріс курсынан өткеннен кейін болашақ мұғалімдер биотехнологияның даму перспективалары туралы жақсы білімге ие болады: рекомбинантты ДНҚ алу және ДНҚ клондау жолдарын игереді, плазмидаларды пайдаланады, микроклональды көбею қадамдары және әртүрлі салаларда ферменттерді қолданады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • заманауи молекулалық-генетикалық әдістерді қолдана отырып, микроорганизмдердің морфо-физиологиясын, биохимиясын, генетикасын салыстырады; • биотехнологиялық объектілермен жұмыс істеу кезінде дезинфекциялау және зарарсыздандыру әдістерін қолданады, микроорганизмдерді анықтау үшін граммдық әдіс бойынша қоректік ортаны дайындау және бояу дағдыларын көрсетеді; • микробтық дақылдардың өсуі мен даму параметрлерін тексереді, микроағзаларды мәдени және морфологиялық белгілері бойынша дұрыс анықтайды; • биотехнологиялық өндірісте тірі ағзалардың қолданылуын бағалайды: микробтық ақуызды, ферменттік препаратты, биогазды, биоэтанолды және т. б. алады; • тірі ағзаларды өсіру және клондау, микроклональды көбею эксперименттері, тірі ағзалар жасушаларының препараттарын микроскопиялау дағдыларын жаттықтырады; • ГМО қолданудың этикалық мәселелерін, гендік-инженерлік манипуляция принциптерін, таксономиядағы, Медицинадағы және криминалистикадағы

	молекулалық-генетикалық тәсілдердің маңыздылығын талдау; • микроағзалардың өсуі мен дамуына, ферменттерді (пектиназа, протеаза және т. б.) қолдануға, антисептикалық және дезинфекциялық заттардың әсеріне және т. б. әртүрлі факторлардың (температура, рН, қоректік ортаның мазмұны) әсерін зерттейді; • микроағзалардың жинақтаушы және таза культурасын алу, микрклоналды көбею әдісімен каллус тіндерін алу үшін эксперименттер жобалайды; • су, ауа, сүт өнімдерінің микрофлорасын зерттеу мақсатында экспериментті қауіпсіз жүргізеді; • шағын жобаларды ұйымдастырады: гипотеза мен қорытынды жасайды, жоспарлайды, күшті және әлсіз жақтарын бағалайды, есеп береді; • жобалау және зертханалық жұмыстар бойынша зерттеу деректерін жинауды, өңдеуді және түсіндіруді жүзеге асырады; • ғылыми тілді, пәндік терминологияны және шартты белгілерді зерттеудің мәні, процесі мен нәтижелерін түсіну үшін орынды және дұрыс қолданады.
Курс атауы	Қолданбалы биология топырақтану негіздерімен
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (2). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5,6,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9,11,13) Бұл курс топырақтану, агрохимия, өсімдік шаруашылығы: топырақ түзілу процесі, топырақ морфологиясы, топырақтың құрылымы мен қасиеттері, топырақты өңдеу, ауыл шаруашылығын химияландыру, мәдени өсімдіктер мәселелерін қарастырады: Курс дәрістер және зертханалық сабақтардан тұрады, оның барысында оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруда зертханалық жабдықтармен, материалдармен, құралдармен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады, зертханалық жұмыстар мен шағын ғылыми жобаларды жүргізу кезінде білім алушылардың пәнаралық құзыреттері дамиды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • топырақты механикалық құрамы бойынша жіктейді; • топырақтанудың биологиялық, химиялық және басқа ғылымдармен байланысын талдайды; • әр түрлі факторлардың топырақ түзілуіне, тірі ағзалардың топырақ

	түзілуіне әсерін зерттеу мақсатында қауіпсіз эксперименттер жүргізеді; • мәдени өсімдіктердің морфологиялық, биологиялық және экономикалық ерекшеліктерін анықтайды; • Қазақстан аумағының топырақ-экологиялық және биоэкологиялық жағдайын бағалайды; • топырақ микроорганизмдерін өсіру, тірі ағзалар жасушаларының препараттарын микроскопиялау дағдыларын жаттықтырады; • топырақтың құрамы мен қасиеттерін (физикалық, физикалық-механикалық, реологиялық) анықтау бойынша эксперименттер жобалайды; • өсімдік шаруашылығында органикалық және минералды тыңайтқыштардың қолданылуын зерттейді; • жобаларды жоспарлайды және жүргізеді: гипотеза мен қорытындыларды тұжырымдайды, күшті және әлсіз жақтарын бағалайды, есеп жасайды; • жобалауды және зертханалық жұмыстар бойынша зерттеу деректерін жинауды, өңдеуді және түсіндіруді жүзеге асырады; • зерттеудің мәні, процесі мен нәтижелерін түсінуге ықпал ететін ғылыми тілді, пәндік терминологияны және шартты белгілерді орынды және дұрыс қолданады.
Курс атауы	Биофизика және биоинформатика
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/кұзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (2). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5,7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9,10,11) Курс молекулалық биология мен геномика, сондай-ақ статистика мен математика негіздері бойынша негізгі білімді қолдана отырып, физика мен информатикамен интеграцияда биология бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолдануға бағытталған. Дәріс, практикалық және зертханалық сабақтар барысында болашақ мұғалімдер табиғи құбылыстардың (фотобиологиялық, электрлік, дыбыстық және т.б.) тірі организмдерге әсерін, биологиялық құбылыстардың мәнін ашу үшін құрылымдық биоинформатика принциптерін, мәліметтер базасын іздеу алгоритмін (BLAST), гендерді картаға түсіру негіздерін талдайды. Осы курсты зерделеу кезінде шығармашылық міндеттерді шешу үшін пәнаралық құзыреттіліктерді (BTEAM) қалыптастыру жүзеге асырылады, биомедицина, биомеханика және т. б. мәселелерін шешуде биологиялық физика бойынша практикалық дағдылар дамиды. Курс

	биологиялық мәліметтер базасымен (ДНҚ, РНҚ, белоктар) жұмыс істеудің, биологиялық процестерді модельдеудің практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Студент жақсы ғылыми есеп жаза алады және зерттеу мәселелерін шешу үшін биофизикалық және биоақпараттық әдістерді өз бетінше және топта жұмыс істей алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • робототехника мен медицинада биомеханикалық процестердің қолданылуын сипаттайды; • электрокардиограмманы, бұлшықет тінінің жұмысын (электрофизиология) қолдана отырып, жүрек автоматикасын зерттеудің физикалық негіздерін талдайды; • биологиялық жүйелердің термодинамикалық ерекшелігін және тірі ағзалардағы электрлік процестерді, биологиялық жүйелердің тұрақтылығы мен эволюциясы мәселелерін бағалайды; • электромагниттік және дыбыстық толқындардың тірі ағзаларға әсерін зерттейді; • фотобиологиялық процестерді, жасуша мен жасуша мембранасының ультрақұрылымдарын және т. б. модельдейді; • ақпараттың тірі ағзалардағы гендерден ақуыздарға қалай берілетінін түсіндіреді; • нейροкомпьютерлік интерфейс технологиясын, ми мен компьютер арасындағы ақпарат алмасу жүйесін сипаттайды; • биологиялық деректерді алу, талдау, сақтау, ұйымдастыру және визуализациялаудың заманауи әдістерін қолданады; • биологиялық есептерді шешу үшін есептеу жүйелері мен құралдарын пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды; • ДНҚ, РНҚ және ақуыз деңгейіндегі деректерді алу, талдау және түсіндіру үшін ең маңызды мәліметтер базасы мен бағдарламалық жасақтаманы (мысалы, OMIM, PubMed, UniProt, Cosmic, BioMart) қолданады; • BLAST-іздеу, ДНҚ тізбегі мен ақуыздарды туралайды; • нәтижелерді сыни тұрғыдан түсіндіреді, ақуызды елестету және реттілік вариацияларынан туындаған айырмашылықтарды бағалайды; • геномды компьютерлік модельдеуді (гендік картаға түсіру), биодеректер негізінде филогенетикалық ағаштарды құрады.
Курс атауы	Жаратылыстанудың ғылыми негіздері
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер

Модуль	Биохимия негіздері, барлығы 20 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (2). • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (5) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (9) Студенттердің курсы әлемнің заманауи жаратылыстану-ғылыми бейнесі және жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білімді қалыптастырады; алған білімдерін қоршаған әлем құбылыстарын түсіндіру, жаратылыстану мазмұны туралы ақпаратты қабылдау үшін қолдана алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • техника мен технологиялардың дамуына әсерін анықтайтын жаратылыстану ғылымының негізгі идеялары мен жетістіктерін біледі; • жаратылыстану ғылымдары саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы маңыздылығын түсіндіреді; • қазіргі ғылыми ұғымдар мен жаратылыстану мазмұны туралы ақпаратты басшылыққа алады; • зерттеу, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ақпаратын қабылдау және түсіндіру барысында интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын көрсетеді; • кәсіби қызметте жаратылыстану білімін қолданады.
Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі, барлығы 7 академиялық кредит	
Модуль химия мен биологияны оқытудың әдістері мен мазмұнын талдау, жүйелеу, химиядан/биологиядан оқу-дидактикалық материалдармен, мектептегі химия-биология кабинетінде бар құрал-жабдықтармен және техникалық құралдармен, оның ішінде цифрлық технологиямен жұмыс істеу үшін алған білімдерін жинақтау, жалпылау қабілетін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді. Сондай-ақ оқыту сипаттағы әртүрлі тәжірибелік-бағдарланған тапсырмаларды шешу үшін эксперименттік есептеу әдістерін қолдануға ықпал етеді. Модуль кәсіптік-педагогикалық зерттеулер саласында алған білімдері мен дағдыларын және пәнаралық және тілдік құзыреттіліктерді қолдану үшін академиялық жазу саласындағы құзыреттілікті одан әрі дамыту мен жетілдіруді қамтамасыз етеді.	
Курс атауы	Химия зертханасы және тәуекелдерді басқару
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі, барлығы 7 академиялық кредит
Академиялық кредит	2

Курс сипаттамасы/құзыреттіліктер	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: Тәжірибелік-зерттеу құзыреттілігі (5,7,9) Курс болашақ мұғалімдердің қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелері туралы нормативтік-құқықтық білімдерін, химиялық зертханада жұмыс істеу кезіндегі алғашқы кәсіби дағдыларды, зертханашының жұмысы мен міндеттерін білуге ықпал етеді.
Курс бойынша оқыту нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - зертханалық зерттеулерге аспаптарды дайындайды, талдаудың статистикалық өңдеуін жүргізеді, талдаудың жүзеге асырылуы мен дұрыстығын бағалайды; - зертханада химиялық заттарды сақтау, ыдыстар мен жабдықтарды өңдеу, эксперимент жүргізу және қалдықтарды жоюмен байланысты тәуекелдерді анықтайды; - қауіпсіздік шараларын құжаттау арқылы тәуекелдерді басқарады: оқу зертханаларының төлқұжатын жасайды, аспаптар мен жабдықтардың төлқұжатымен, жабдықты пайдалану бойынша нұсқаулықтармен танысады, қауіпсіздік журналдарын жүргізеді.
Курс атауы	Биологиядағы STEM-білім
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі, барлығы 7 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Тұжырымдамалық-теориялық білімнің құзыреттілігі (3). - Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (7,8) - Ғылымда қолдану құзыреттілігі (10,13) - Педагогика және дидактика саласындағы ая (1,2) - Кәсіби дамуға арналған құзіреттілік саласы (8,9) Болашақ мұғалімдер STEM көмегімен биологияны оқытуда оқушылардың білім беру қызметін белсендіру және қарқындалу, диагностика, бағалау негізінде заманауи әдістер мен технологияларды үйренеді. Болашақ мұғалімдер пәндік мазмұнды ғылыми білім мен жобалау, ақпараттық технологиялар мен математикалық есептеулер табиғи түрде біріктірілген жобалар арқылы игереді, ұйымдастыру әдістемесін зерттейді, кезеңдерді талқылайды, STEM оқыту практикасында әртүрлі зерттеу әдістерін қолданады, STEM зерттеулерін жобалайды, зерттеуді оқу ортасының әртүрлі түрлерінде оқыту практикасына біріктіру дағдыларын қалыптастырады.

Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • STEM оқытудың педагогикалық технологияларын іріктеуді, сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда мектептегі оқу пәндерін оқыту практикасында тиімді іске асырады; • оқушылардың әртүрлілігін ескере отырып, STEM оқытуды жобалайды; • білім беру процесінің нәтижелері мен мазмұнын бағалау мониторингінде қолданылатын педагогикалық диагностиканың әртүрлі әдістері мен технологияларын қолданады; • оқыту практикасын және STEM-оқытуды жетілдіру мақсатында жүйелі, жоспарланған іс-әрекеттерді орындайды; • оқу практикасы мен оқушыларды бақылау процесінің зерттеу ерекшеліктерін пайдаланады; • зерттеу дағдыларын дамыту, оларды білім сапасын және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттайды; • STEM-оқыту практикасын зерттеуді іске асыру жоспарын әзірлейді; • STEM-оқыту барысында алынған нәтижелерге жүйелі мониторинг жүргізеді; • зерттеудің күшті және әлсіз жақтарын бағалайды.
Курс атауы	Биологиядағы цифрлық технологиялар
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі, барлығы 7 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (7) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (8,10,12) • Педагогика және дидактика саласындағы ая (2) • Кәсіби дамуға арналған құзыреттілік саласы (8,9) Болашақ мұғалімдер биология бойынша білім беру процесінде цифрлық жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану мүмкіндіктерін зерттейді, IT-технологияларды, соның ішінде биология сабақтарында қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың тиімді әдістерін жоспарлайды, биология бойынша цифрлық білім беру ресурстарын жасайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • электрондық білім беру мазмұнымен интерактивті өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қолданады; • жобалау қызметін ұйымдастыруда IT-технологияларды пайдаланады; • оқушылардың өмірлік және оқу мәнмәтінін ескере отырып, педагогикалық қызметте ақпаратты

	құрылымдау, интеграциялау және ұсыну дағдыларын пайдаланады; • IT-технологияларды пайдалана отырып, тиімді оқытуды жоспарлайды; • биология бойынша цифрлық білім беру ресурстарын әзірлейді.
Курс атауы	STEM оқытуды жобалау
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау бойынша компонент
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Модуль	Химия-биологияны оқытудың педагогикалық тәсілі, барлығы 7 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Ғылыми зерттеулер жүргізудегі құзыреттер (4,5,8) • Ғылымда қолдану құзыреттілігі (10,13,14) • Педагогика және дидактика саласындағы ая (2) • Кәсіби дамуға арналған құзіреттілік саласы (8,9) Болашақ мұғалімдер нақты әлем мәселелеріне қолданбалы сипатқа негізделген STEM оқытудың дизайн ерекшеліктерін, проблемаларды шешу және сыни ойлау арқылы оқытуды және білім беру процесіне белсенді енгізілген кезде әртүрлі мазмұнды біріктіруді зерттейді. Курс биологияда жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану және студенттердің әртүрлілігін ескере отырып, STEM оқытуды жобалау және бейімдеу қабілетін қалыптастырады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • ғылым мен STEM пәндерін нақты өмірлік мәселелермен немесе жағдайлармен байланыстырады; • тәжірибеге бағытталған проблемалық жағдайларды анықтайды; • оқушылар бақылаулар жүргізетін, проблемаларды анықтайтын және өз бетінше және басқа білім алушылармен бірге шешімін табатын жобалар мен құбылыстар негізінде оқытуды құрады; • математикалық және IT модельдеумен эксперименттік зерттеу жүргізеді; • инклюзивті ортада оқушылардың оқу және сыныптан тыс жұмыстарына арналған STEM сабақтарын құрастырады.
ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ, 8 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ	

Түлекті қорытынды аттестаттау міндетті болып табылады және білім беру бағдарламасы толық көлемде игерілгеннен кейін жүзеге асырылады. Аттестаттаудың мақсаты - түлектің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби қызметтің негізгі түрлерін орындауға дайындығын бағалау.

Қорытынды аттестаттау жұмысы (ауызша емтихан, жазбаша емтихан, дипломдық жұмыс, зерттеу жобасы, ұйымдастыру жобасы, стратегиялық жоба, арт-жоба)

4.3 Міндетті компонент құрылымы

Міндетті компонент (Жалпы білім беретін пәндер циклі) 56 академиялық кредиттен тұрады (51 академиялық кредит міндетті пәндер және 5 академиялық кредит таңдау пәндері) және төмендегі модульдер мен курстарды қамтиды.

Модульдер мен курстардың атауы	Академиялық кредит
МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ (ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ)	56
МІНДЕТТІ ПӘНДЕР	51
Тарихи және философиялық құзыреттіліктер модулі	10
Қазақстан тарихы Көне және орта ғасырлардағы Қазақстан. Алғашқы қоғам. Елді мекендер, шаруашылығы және тұрмысы (б.з.б. 2,5 млн. – 12 мың – VI ғасырға дейін). Қазақ халқының этногенезі. Ортағасырлық Қазақстан. (VI-XV ғасырлар). Қазақ хандығы. Қазақ мемлекетінің геосаяси жағдайы. Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Әлеуметтік тарих (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басына дейін). Отаршылдық кезеңдегі Қазақстан (XVIII ғ. 30-40 ж. – XIX ғ. 60 ж.). XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Халықтың көп ұлттық құрамының қалыптасуы. Жаңа замандағы Қазақстан. Кеңестік кезең (1917 ж. ақпан-қазан – 1991 ж. тамыз) Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ел тарихындағы ең жаңа кезең (1991 ж. желтоқсан – қазіргі уақытқа дейін).	5
Философия Ойлау мәдениетінің бастауы. Философия пәні мен әдісі. Әлемді философиялық түсінудің негіздері. Сана, рух және тіл. Онтология және метафизика. Әдеп құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. Заманауи Қазақстан философиясы.	5
Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
Әлеуметтану Әлеуметтік әлем түсінігіндегі әлеуметтік зерттеулер. Әлеуметтік зерттеулер. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясы. Әлеуметтану және ұқсастық. Отбасы және қазіргі заман. Шегіну, қылмыс әлеуметтік бақылау. Дін, мәдениет, қоғам. Этнос және ұлт	2

әлеуметтануы. Білім және әлеуметтік теңсіздік. Бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялар және қоғам. Экономика, жаһандану, еңбек. Денсаулық және медицина. Халық, қалалану және әлеуметтік қозғалыстар. Әлеуметтік өзгерістер.	
<i>Саясаттану</i> Саясаттану дамуының негізгі кезеңдері. Саясат қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде. Саяси билік. Саяси элита, көшбасшылық. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер. Сайлау жүйелері, таңдау. Саяси партиялар партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Саяси мәдениет, тәртіп. Саяси, идеология; даму, жаңғыру; қақтығыстар мен дағдарыстар. Әлемдік саясат, заманауи халықаралық қарым-қатынастар.	2
<i>Мәдениеттану</i> Мәдениет морфологиясы. Мәдениет тілі. Мәдениет семиотикасы. Мәдениет анатомиясы. Көшпенділер мәдениеті. Арғы түріктердің мәдени мұрасы. Ортағасырлық мәдениет. Орталық Азия. Түріктердің мәдени мұрасы. Қазақ мәдениетінің негізі. XVIII - XIX ғасырдың аяғындағы, XX ғасырдағы қазақ мәдениеті. Заманауи әлемдік үдерістер мен жаһандану жағдайындағы қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.	2
<i>Психология</i> Ұлттық өзін өзі тану жағдайындағы тұлға. Мен және менің ынтам. Эмоциялар, эмоционалдық зерде. Адамның күш-жігері, өзін өзі реттеу психологиясы. Дара-типтік ерекшеліктер. Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар. Өмір мәні, кәсіби өзін өзі анықтау денсаулық психологиясы. Индивидтер мен топтар арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынастың қабылданым жағы. Қарым-қатынастың интерактивтік жағы. Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы. Әлеуметтік-психологиялық дау. Дау кезіндегі өзін өзі ұстау үлгілері. Тиімді қарым-қатынас әдістері.	2
Аспаптық және коммуникациялық модуль	25
<i>Орыс/Қазақ тілі</i> Лексика, ғылыми терминдер, синтаксистік конструкцияларды ауызша және жазбаша қарым-қатынаста дәл қолдану дағдыларын иелену; әңгіме құру дағдылары. Іскерлік қарым-қатынас, хаттар, есептер, пікір, эссе жазу дағдылары; мәтіндерді түсініп оқу, өз ойын жеткізе алу. Әртүрлі қарым-қатынас түрлерінде еркін сөйлеу, әңгіме, пікір-талас жүргізе алу. Функционалдық сөйлеу стильдері сөйлесу құралдарының тарихи қалыптасқан жүйесі ретінде, әдеби тілдің алуандығы.	10
<i>Шетел тілі</i> Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас саласы. Мен және менің отбасым. Әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас саласы. Әлем картасы. Салт-дәстүрлер. Оқу-кәсіби қарым-қатынас саласы: Болашақ кәсіп. Заманауи үй. Қазіргі қоғамдағы отбасы. Мәдени-тарихи ая. Білім.	10

Кәсіп. Адам және табиғат, экологиялық мәселелер. Жаңалықтар, БАҚ, жарнама.	
<i>Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар</i> Қоғам дамуындағы АКТ рөлі. АКТ саласындағы стандарттар. Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Бағдарламалық қамсыздандыру. Операциялық жүйелер. Адам мен компьютердің өзара әрекеттестігі. Мәліметтер базасы жүйелері. Мәліметтерді талдау. Мәліметтерді басқару. Желілер мен телекоммуникациялар. Киберқауіпсіздік. Интернет-технологиялар. Бұлттық және ұялы технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Зияткерлік технологиялар. Электрондық технологиялар. Электрондық бизнес. Электрондық оқыту. Электрондық үкімет. Өнеркәсіптегі АКТ. АКТ даму келешегі.	5
Денсаулықты нығайту модулі	8
<i>Дене тәрбиесі</i> Дене тәрбиесі қағидаттары. Дене тәрбиесінің ғылыми негіздері. Заманауи сауықтыру жүйелері, ағзаның дене күйін бақылаудың негіздері. Өз бетінше спортпен және дене тәрбиесімен айналысудың негізгі әдістері. Кәсіби дене дайындығы. Жалпы дене дайындығы. Жылдамдық. Жүгіру. Эстафеталар. Төзімділік, икемділік, шапшандық, үйлесімдік, тепе-теңдікті ұстауға жаттығуларды, гимнастикалық және акробаттық жаттығуларды орындау. Күш. Жалпы дайындық жаттығулар. Арнайы дене дайындығы.	8
ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТ	5
<i>Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері</i> Пән экономикалық білімді қалыптастырады, кәсіпкерлік жүргізудің ғылыми негіздерін зерттейді. Кәсіпкерлік іс-әрекетті меңгеру барысында білімгер цифрлық технологияларды қолдана отырып мәліметтерді жинақтайды, бизнестің қыр сырын меңгере отырып, өз бетінше басқарушылық мәселелерді шешеді, алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу дағдыларын қалыптастыру арқылы көшбасшылық қабілетін көрсетеді. Білім алушы кәсіпті жүзеге асыру әдістерімен танысады, бизнесті ұйымдастыру мен басқару шешімдерін қабылдауға дағдыланады.	5
<i>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</i> Зерттеу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің себептері, алғышарттары, негізгі әдістері мен формалары қарастырылады. Курс барысында қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қаралады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық әдістері мен нысандары талданады.	5
<i>Экология және өмір сүру қауіпсіздігі</i> Пән экологиялық танымды қалыптастырады, қоршаған ортаның жай-күйін және қауіпті факторлардың адамға әсер ету дәрежесін бағалау	5

және табиғатты ұтымды пайдалану аспектілерін қолдануды үйретеді. Курс барысында білімгер экологиялық проблемалар бойынша мәліметтерді цифрлық технологияларды қолдана отырып жинауға, оларды сыни көзқараспен талдауға, өз бетінше шешімдер қабылдауға машықтанып, экологиялық қағидаттарды сақтай отырып, командада жұмыс істеу қабілеттілігін қалыптастырады.	
<i>Ғылыми зерттеулер әдістері</i> Зерттеу тәсілдері. Индуктивті және дедуктивті әдістер. Сапалық, сандық, аралас зерттеу әдістері. Бастапқы және қосымша зерттеулер. Action research. Зерттеудің дизайны – сипаттамалық, корреляциялық, эксперименттік, квазиэксперименттік, көлденең қималық, бойлық, case study, этнографиялық, ізденімпаздық, түсіндірмелі. Айнымалылар мен гипотезалар. Зерттеудің сенімділігі мен негізділігі. Орындалу және қайталану. Кездейсоқ және жүйелі қате. Триангуляция. Іріктеу. Іріктеуді қалыптастыруға қосу және алып тастау критерийлері. Іріктеу әдістері. Мәліметтерді жинау – сауалнамалар, сұхбаттар, тәжірибелер, бақылау зерттеулері, жүйелі шолу. Мәліметтерді тексеру. Сұхбаттың транскрипциясы. Мәліметтерді талдау – статистикалық талдау, мазмұнды талдау, дискурс-талдау, тақырыптық талдау, мәтінді талдау. Зерттеу этикасы. Алқалық рецензиялау.	5
Барлық академиялық кредит саны	56

Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша НЕГІЗГІ ОҚУ ЖОСПАРЫ / Yüksek Eğitim Alanı TEMEL EĞİTİM PLANI
По программе высшего образования ОСНОВНОЙ УЧЕБНЫЙ ПЛАН / High education program BASIC EDUCATION PLAN
6B01562 –Химия-биология (ІР) /6B01562 Kimya-biyoloji (ІР) / 6B01562 –Химия-биология (ІР) /6B01562 – Chemistry-biology (ІР)

Пәннің (модульдің) атауы / Наименование предмета (модуля) / Subject (module) name	ECTS	Бакалавр дәрежесі, 4 академиялық жыл / Lisans derecesi, 4 akademik yıl/ Степень бакалавра, 4 академических года / BA degree, 4 academic years								Пререквизит Постреквизит Çekişmeler Sonra görüşecek Prerequisites Post-Requisite
		I		II		III		IV		
		1	2	3	4	5	6	7	8	
Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі /Genel Eğitim Dersler Döngüsü(GED)/ Цикл общеобразовательных дисциплин (ООД)/Cycle of general education (CGE) Міндетті компонент МК/ Zorunlu bileşen ZB/ Обязательный компонент ОК/ Required component RC 56 акад.кр./akademik kredit/ academ.credits										
Тарихи және философиялық құзыреттіліктер модулі / Tarihsel ve Felsefi Yeterlilikler Modülü / Модуль историко-философских компетенций/ Module of historical and philosophical competencies	10									
Қазақстан тарихы/KazakistanTarihi/История Казахстана/History of Kazakhstan	5		5							
Философия /Felsefe/Философия/Philosophy	5	5								
Аспаптық және коммуникациялық модуль/ Enstrümantasyon ve iletişim modülü / Инструментальный и коммуникационный модуль/ Instrumental and communication module	25									
Қазақ (орыс) тілі/Kazak (Rus) Dili /Казахский (русский) язык/Kazakh(Russian) Language	10	5	5							Қазақ (орыс) тілі A1- пре - жоқ, пост A2/ B1- пре A2, пост- B2/ C1 пре B2, C1-пост жоқ
Шетел тілі/Yabancı dil/Иностранный язык/ForeignLanguage	10	5	5							Ағылшын тілі 1 сем- A2- пре - жоқ, пост B1/ B1- пре A2, пост- жоқ 2 сем-B2- пре жоқ, пост -C1/ C1 пре B2, C1-пост жоқ
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар /Bilişim ve İletişimTehnolojileri /Информационно-коммуникационные технологии /Information and communication technology	5			5						
Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі/ Sosyal Eğitim ve Sağlıklı Yaşam Modülü /Модуль социальных знаний и здорового образа жизни/ Module of social-knowledge and healthy lifestyle	8									
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану,	8				2					

